

БӨЛІМ 1. ОҚУШЫЛАР КОНТИНГЕНТІ

1.1. ОҚУШЫЛАР ҚОЗҒАЛЫСЫ

2022-2023 оқу жылының басында оқушылар контингенті 677 оқушыны құрады, олардың 23-і ақылы негізде, 3-уі экстернат бағдарламасымен білім алушылар. Сынып саны - 30.

Кесте 1. Оқу жылының соңындағы сыныптар бойынша оқушылар саны (01.07.2023 ж.)

Сынып	Сынып саны	Оқушы саны	Оқыту тілі		Ақылы негізде	Экстернат
			қазақша	орысша		
7	4	103	77	26	6 (каз), 2 (орыс)	
8	6	146	96	50	2 (каз), 2 (орыс)	
9	6	141	95	46	4 (каз), 2 (орыс)	1
10	6	129	89	39	2 (каз), 2 (орыс)	1
11	5	91	74	17	1 (орыс)	1
12	3	67	47	20		
Всего	30	677	478	198	23	

2022 жылдың қараша айында 20.10.2022 ж. Республикалық комиссия отырысының №58 шешімімен 7-сыныптарға резервтен 44 оқушы қосымша қабылданды, 3 оқушы келді (1-уі басқа НЗМ-нен ауысу бойынша, 2-уі ақылы оқуға), 7 оқушы өз еркімен кетті (1-уі басқа НЗМ-ге ауысу бойынша, 2-уі ақылы, 4-уі өз еркімен) және 11 сыныптардың бір сыныбы (11А) оқушы санының аздығына байланысты таратылды. Нәтижесінде 20.11.2022 ж. жағдайында оқушылар контингенті 717 оқушыны құрады, олардың 24-і ақылы негізде. Сынып саны – 31.

Кесте 2. Оқу жылының соңындағы сыныптар бойынша оқушылар саны (20.11.2022 ж.)

Сынып	Сынып саны	Оқушы саны	Оқыту тілі		Ақылы негізде	Экстернат
			қазақша	орысша		
7	6	145	96	49	6 (каз), 2 (орыс)	
8	6	145	95	50	2 (каз), 3 (орыс)	
9	6	140	94	46	4 (каз), 2 (орыс)	1
10	6	130	91	39	2 (каз), 2 (орыс)	1
11	4	90	74	16	1 (орыс)	1
12	3	67	47	20		
Всего	31	717	497	220	24	3

2022-2023 оқу жылында қараша-маусым айларында 1 оқушы басқа НЗМ-нен ауысу бойынша келді, 7 оқушы өз еркімен кетті (1-уі басқа НЗМ-ге ауысу, 3-уі ақылы оқыған, 3-уі өз еркімен), 3 оқушы академиялық білімінің төмендігіне байланысты мектептен шығарылды.

Сонымен, 2022-2023 оқу жылының соңында оқушылар контингенті 708 оқушыны құрады, олардың 21-і ақылы негізде білім алушылар. Қазақ тілінде білім алатын оқушылар саны – 494, немес 69,8%, 214-ы (30,2) орыс тіліді сыныптарда оқиды. Сынып саны - 31.

Кесте 3. Оқу жылының соңындағы сыныптар бойынша оқушылар саны (01.07.2023 ж.)

Сынып	Сынып саны	Оқушы саны	Оқыту тілі		Ақылы негізде
			қазақша	орысша	
7	6	142	95	47	5 (қаз), 2 (орыс)
8	6	141	95	46	2 (қаз), 3 (орыс)
9	6	138	92	46	2 (қаз), 2 (орыс)
10	6	130	91	39	2 (қаз), 2 (орыс)
11	4	90	74	16	1 (орыс)
12	3	67	47	20	
Всего	31	708	494	214	21

Жыл сайын орыс тілінде оқитын оқушылар үлесі артып келеді: 30,2% (2021-2022 оқу жылында – 29,2%, 2019-2020 оқу жылында – 25%).

2022-2023 оқу жылында 12-сыныптың 67 оқушысы мектепті табысты аяқтады, 638 оқушы келесі сыныпқа көшірілді.

Оқушылар құрамының басым бөлігін қазақ ұлты құрайды – 97%. Басқа ұлт өкілдерінің үлесі - 3%.

Кесте 4. Оқушылардың ұлттық құрамы

Сынып	Оқушы саны	қазақ	%	Басқа ұлттар										%	
				орыс	татар	башкир	қырғыз	өзбек	ингуш	агул	украин	азербайжан	түрік		
7	142	137	96,5	3		1								1	3,5
8	141	135	95,7	2	1						1	1	1		4,3
9	138	132	95,6	3			1	2							4,4
10	130	129	99,2						1						0,8
11	90	87	96,7	2	1										3,3
12	67	67	100												0
	708	687	97,0	10	2	1	1	2	1	1	1	1	1	1	3,0

Білім алушылардың әлеуметтік жағдайына жасалған талдаулар оқушылардың 47,2%-ның (45,3) «көп балалы отбасы» санатына жататынын, 20,5% (18,2) шағын қалалар мен ауылдық жерлерден екенін, 9,6%-ы (өткен оқу жылында – 11,3) толық емес отбасынна екендігін көрсетеді.

Кесте 5. Мектеп оқушыларының әлеуметтік жағдайы (2022 жылдың 1 қазаны жағдайында):

№	Әлеуметтік санаты	7	8	9	10	11	12	Барлығы	%
1	Көп балалы отбасы балалары	68	80	67	60	39	20	334	47,2
2	Аз қамтылған отбасы балалары	0	0	0	0	0	0	0	0
3	Толық емес отбасы балалары	11	14	15	14	5	9	68	9,6
4	Ата-анасы мүгедек балалар	3	6	4	2	1	6	22	3,1
5	Мүгедек балалар	2	4	3	1	0	0	10	1,4
7	Қамқоршылық тағайындалған балалар	0	0	0	0	0	0	0	0
7	Шағын қалалар мен ауылдық жерлерден келген балалар	32	30	34	22	19	8	145	20,5

Біздің мектептің контингентіндегі ерекшелік – оқушылардың 47,2% көп балалы отбасынан болуы. Бұл екі жақты әсер етеді. Бір жағынан оқушыларда бір-біріне көмектесу, үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу сияқты жақсы қасиеттерді бойына сіңіріп өседі, екінші жағынан мұндай балаларға ата-ана тарапынан қолдаудың аздығы сезіледі.

Мектеп жанында 132 орынға арналған жатақхана бар. 2022-2023 оқу жылында жатақханада 98 оқушы болды.

1.2 ОҚУШЫЛАР КОНТИНГЕНТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ - КОНКУРСТЫҚ ІРІКТЕУ

2023-2024 оқу жылында 7 сыныпта оқуға түсу үшін конкурстық іріктеуге үміткерлердің құжаттарын қабылдау 2022 жылдың 1 желтоқсанынан 2023 жылдың 10 қаңтарына дейін жүргізілді. Қабылданған өтініштер саны – 1250 болды, олардың 957-сі қазақ тілінде, 293-і орыс тілінде.

Конкурстың іріктеуі 2023 жылдың 2-3 наурыз күндері өткізілді. Қатысушылар саны – 1219. Олардың 381-і шектік балл жинағандар – 31,3%. НЗМ ДББҰ Басқармасы отырысының шешімімен жоғары балл жинаған 120 оқушы (83 қазақ тілді, 37 орыс тілді) мектепке қабылданды, 260 оқушы резервтік тізімде.

Мықты тұстарымыздың бірі - конкурстық іріктеуге қатысатын балалардың саны жылдан жылға артуда. Конкурста бір бос орынға орта есеппен 10-11 үміткер қатысты. Соңғы 4 жылда 1000-нан аса бала құжат тапсырады. Үміткерлердің орташа ұпайлары да өсуде – 2019 жылы - 950-ден жоғары болса, 2023 жылы - 1140 болды. Биылғы жылы ең жоғары балл – 1414, мектепке қабылданған оқушылардың ішінде ең төменгі балл – 1020 болды. Ақылы оқуға үміткерлер саны да көбейіп отыр. 2022-23 оқу жылын 21 оқушы ақылы негізде аяқтады, кезек күтушілер саны - 10.

ВИРТУАЛДЫ ЖӘНЕ КАНИКУЛЯРЛЫҚ МЕКТЕП

2022-2023 оқу жылында 6-сыныптарға арналған виртуалды мектепке 48 оқушы тіркеліп, 19 оқушы каникулярлық мектепке жолдама алды. 6 сынып оқушылары үшін каникулярлық мектеп 2023 жылдың 4-6 қаңтары аралығында ұйымдастырылды.

5-сыныптарға арналған виртуалды мектеп 2023 жылдың 27 наурызынан 14 мамырына дейін жүргізілді, 5-9 маусым аралығындағы каникулярлық мектепте 17 оқушы білім алды.

БӨЛІМ 2. ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮДЕРІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

2.1. ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮДЕРІСІНІҢ МАМАНДАРМЕН ҚАМТЫЛУЫ

2022-2023 оқу жылында педагог кадрлардың жалпы саны 161 болды (оның ішінде 30-ы декреттік және академиялық демалыста), басшылар – 5, педагог кадрларға теңестірілгендер – 24, шетелдік мұғалімдер – 5, пән мұғалімдері – 128.

Жыл басында 13 мұғалім жаңадан жұмысқа қабылданды (2 – ағылшын тілі, 4 – математика, 3 – информатика, 1 – орыс тілі, 2 – физика, 1 -педагог-библиотекарь). Олардың 4-уі НЗМ жүйесінде жұмыс жасаған, 2-уі «мұғалім-эксперт», 2-уі «мұғалім», 1 – «мұғалім-тағылымдамашы».

Сонымен қатар, 101 сағат вакантта болды (орыс тілінен 8 с., ағылшын тілінен 4 с., ЖПЖЖ 35 с., бағдарламалаудан 32 с., Қазақстан тарихынан 4с., дүние жүзі тарихы – 6 с., құқық негіздерінен – 8 с., экономикадан – 6 с., графикадан – 6 с.), барлық сағаттар мұғалімдерге қосымша сағаттар ретінде бөлініп берілді.

Оқу жылы барысында 11 мұғалім өз еркімен жұмыстан шығып кетті (биологиядан 1, ағылшын тілінен 3, физикадан 2, химиядан 1, өнерден 1, информатикадан 3), 5 мұғалім декреттік демалысқа шықты (қазақ тілі 1, химия 1, ағылшын 1, физика 1, биология 1), 3 мұғалім «Болашақ» бағдарламасымен шетелге оқуға кетті (2-уі ағылшын тілі, 1-уі математика).

2 мұғалім (1 физика, 1 математика) декреттік демалыстан соң жұмысқа араласты.

Педагогикалық шеберлік деңгейлері	Мұғалімдер саны	Үлесі
Мұғалім-шебер	0	
Мұғалім-зерттеуші	0	
Мұғалім-сарапшы	11	8,5
Мұғалім -модератор	40	30,8
Мұғалім	57	43,8
Мұғалім-тағылымдамашы	22	16,9

2.2. ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҮЛГЕРІМІ МЕН БІЛІМ САПАСЫ

2022-2023 оқу жылында сыртқы емтихандардың нәтижелерін есептемегенде жылдық үлгерім – 100%, білім сапасы – 85,8% құрады. Бұл нәтиже өткен оқу жылымен салыстырғанда 3,3%-ға жоғары. Оқу жылы бойында білім сапасында біршама өсім байқалды: 1 тоқсанда – 49,9, 2 тоқсанда – 71,3, 3 тоқсанда – 69,4, 4 тоқсанда – 74.


2022-2023 оқу жылының қорытындысы

Сынып	Оқыту тілі	Оқушы саны	Үздік	Жақсы	Қанағат танарлық	Білім сапасы
7	қаз	100	11	82	7	93
7	рус	43	2	33	8	81,4
8	қаз	95	10	75	10	89,5
8	рус	49	3	29	17	65,3
9	қаз	92	11	76	5	94,6
9	рус	46	2	39	5	89,1
10	қаз	91	8	70	13	85,7
10	рус	39	3	22	14	64,1
11	қаз	73	16	48	9	87,8
11	рус	16	1	9	6	62,5
12	қаз	47	14	29	4	91,5

12	рус	20	6	11	3	85
Итого		711	87	523	101	85,8


Жылдық қорытынды бойынша 8, 10, 11 орыс сыныптары төмен нәтиже көрсеткен – білім сапасы 62,5-65,3% аралығында. Ең жоғары көрсеткіш 7 және 12 қазақ сыныптары.

Жыл сайынғы тоқсандық және жылдық білім сапасының көрсеткіштері





Төрт тоқсандағы деректерді талдау Зияткерлік мектеп оқушыларының білім сапасы көрсеткіштерінің өсу үрдісінің оң нәтижесін көрсетеді (оқу жылының соңына қарай 24%-ға). Талдаулар көрсеткендей, жыл сайын 1-тоқсанда білім сапасы өте төмен, ал 4-тоқсан мен жылдық қорытынды біршама жоғары.

Сыныптар бойынша білім сапасының көрсеткіштері



11-сыныптан басқа сыныптардың барлығында өткен жылмен салыстырғанда 3-9% аралығында өсім байқалады.



Негізгі және жоғары мектеп оқушыларының білім сапасында жалпы алғанда айырмашылық аз немесе бірдей (2021-22 о.ж. – 81,8% - 84,6%, 2022-23 о.ж. - 85,8%), ал оқыту тілі бойынша алшақтық байқалады. Қазақ тілді сыныптарда негізгі мектепте білім сапасы 2021-22 о.ж. - 87,2%, 2022-23 о.ж. - 90,7%, жоғары мектепте сәйкесінше 85,2% және 89,2%. Орыс тілді сыныптардағы білім сапасы негізгі мектепте 15-18%-ға, жоғары мектепте 14%-ға төмен. Жан-жақты талдаулар орыс сыныптарындағы қазақ тілі, Қазақстан тарихы, география пәндерінен сапаның төмен екендігін көрсетті

2022-2023 оқу жылының қорытындысы бойынша 12-сыныптардың ішінде 7 (100%) оқушы «Алтын белгі», 6 (100%) оқушы үздік аттестат иегері атанса, 10 сыныптардың 11 (100%) оқушысы негізгі мектепті үздік аттестатпен аяқтады.

СЫРТҚЫ ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ

2022-2023 оқу жылының соңында мамыр айының 2-17-сі аралығында **12 сынып оқушылары сыртқы бағалау емтихандарын тапсырды.**



Информатика пәнінен – 1 оқушы, географиядан – 1 оқушы, математика қазақ тілінде – 2 оқушы, орыс тілінде – 4 оқушы емтиханнан «2» деген баға алған.

Білім сапасы ең жоғары пән – химия (91,7%), биология (84,2%), орташа көрсеткіш 70%-79% Қазақстан тарихы, география, орыс тілі, қазақ тілі, математика




қазақ тілінде, ал төмен көрсеткіш математика (61,7%) орыс тілінде және информатика (45,5%) болып отыр.

2022 және 2023 жылғы білім сапаларын салыстыру


Пәндер	2021-2022 о.ж.	2022-2023 о.ж.	Айырмашылық
История Казахстан	86,1	79	-7,1
Қазақ тілі Т1	98,9	76,6	-22,3
Русский язык Я1	81,8	75	-6,8
Математика қаз	63	61,7	-1,3
Математика рус	54,6	70	+15,4
Физика	87,8	79,2	-8,6
Информатика	73	45,5	-27,5
Химия	75	91,7	+16,7
Биология	60	84,2	+24,2
География	71	77,3	+6,3

Өткен оқу жылымен салыстырғанда сыртқы жиынтық бағалау нәтижесі жақсарған пәндер: математика орыс тілінде +15,4, химия +16,7, биология +24,2, география +6,3, керісінше, Қазақстан тарихы -6,9, физика – 8,8, орыс тілі -7, ал қазақ тілі -22,4 –ға, информатика пәні –27,5 –ға төмендеген.

Мектепшілік және сыртқы бағалау арасындағы ең көп айырмашылық



информатика пәнінен – 54,5 байқалады, ең аз айырмашылық – химия пәнінен - 8.



Соңғы 3 жылдың қорытындысы бойынша МБ мен СБ арасындағы айырмашылық жыл сайын өсіп отыр: 26,1-ден 41,7-ге.

2022-2023 оқу жылының соңында мамыр айының 18-27-сі аралығында **10 сынып оқушылары сыртқы бағалау емтихандарын тапсырды.**



Үлгерім көрсеткіші ең төмені – математика пәні орыс тілінде – 92,3% - 3 оқушы «2» бағасын алып отыр, биология қазақ тілінде – 95,5 – 1 оқушы «2» алған, ағылшын тілі -99,2 – 1 оқушы «2» алған.



Ағылшын тілі, қазақ сыныбындағы химия, физика, орыс тілі Я2, орыс сыныбындағы қазақ тілі Т2, орыс сыныбындағы химия, биология, орыс тілі Я1 пәндерінен білім сапасы мектепшілік сападан жоғары: 85,7%-100% аралығында.

Орыс сыныбындағы физика, қазақ сыныбындағы биология, қазақ тілі Т1, математика және информатика пәндерінен 71,4%-81,8% аралығында орташа көрсеткіш. Биылғы жылы ең төмен көрсеткіш орыс сыныптарындағы математикадан болып отыр – 53,8%.


2022 және 2023 жылдардағы білім сапасына салыстырмалы талдау

Пәндер	2021-2022 о.ж.	2022-2023 о.ж.	Айырмашылық
Қазақстан тарихы	92,4	93,1	+0,7
Қазақ тілі Т1	93,4	72,5	-20,9
Қазақ тілі Т2	93,8	94,9	+1,1
Русский язык Я1	100	87,2	-12,8
Русский язык Я2	97,4	95,6	-1,8
Английский язык	87	93,8	+6,8
Математика қаз	42,1	72,2	+30,1
Математика рус	43,8	53,8	+10
Физика қаз	78,3	97,8	+19,5
Физика рус	25	81,8	+56,8
Информатика	72,7	71,4	-1,3
Химия қаз	100	100	0
Химия рус	100	87,5	-12,5
Биология қаз	52,6	81,8	+29,2
Биология рус	0	85,7	+85,7
мектеп бойынша	80,3	82,5	+2,2

Өткен оқу жылымен салыстырғанда сыртқы жиынтық бағалау нәтижесі жақсарған пәндер: биология қазақша +85,7, биология орысша +29,2, физика орысша +56,8, физика қазақша +19,5, математика орысша +10, математика қазақша +30,1, ағылшын тілі +6,8, қазақ тілі Т2 +1,1, Қазақстан тарихы +0,7. қазақ сыныптарындағы химия пәні ең жоғары нәтиже – 100%.

Керісінше, қазақ тілі қазақ сыныптарында Т1 -20,9, орыс сыныптарындағы орыс тілі Я1 -12,8, қазақ сыныптарындағы орыс тілі Я2 -1,8, информатика -1,3 химия орысша -12,5-ке төмендеген.


Жалпы мектеп бойынша көрсеткіш +2,2-ге жоғарылаған.




Мектепшілік және сыртқы бағалау арасындағы ең көп айырмашылық информатика пәнінен – 29, математикадан – 22,3, қазақ сыныптарындағы қазақ тілінен Т1 -27 байқалады, ағылшын тілі мен химиядан айырмашылық жоқ.

2022-2023 оқу жылының соңында маусым айының 2-сі күні **11 сынып оқушылары екінші тіл бойынша сыртқы бағалау емтиханын тапсырды.**

2022-2023 оқу жылында орыс сыныптарындағы қазақ тілі Т2 бойынша білім сапасы – 100% , қазақ сыныптарындағы орыс тілінен Я2 – 94,5% құрады. Соңғы 3 жылдағы білім сапаларын салыстырғанда қазақ тілінен 95-100% аралығында тұрақты, ал орыс тілінен 43,8%-дан 94,5%-5а дейін артқаны байқалады.





Сыныптар арасында 11С сыныбы орыс тілінен, 11Е сыныбы қазақ тілінен 100 сапа көрсеткен. Ең төменгі сапа 11D – 87,5%.



Өткен оқу жылымен салыстырғанда қазақ тілінен А*, А бағаларының саны артқан, сәйкесінше В,С саны азайып, Д бағасы жойылған.

Орыс тілі пәнінен А*,А, В, С бағаларының саны артқан, Д-дің саны азайған, Е деген баға мүлдем жоқ.



2.3. ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІНЕ МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗУ

Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау саясатына сәйкес 7-12 сынып оқушыларының оқу жетістіктеріне 3 рет мониторинг жүргізілді.

Бірінші мониторинг 2022 жылдың 6-23 қыркүйегі аралығында:

1) 6-16 қыркүйегі аралығында оқушылардың білімі мен дағдыларының аралығындағы олқылықтарды анықтау бойынша:

- 11 сыныптарда «Қазақ тілі (Т1)/ Орыс тілі (Я1)», «Қазақ тілі мен әдебиеті (Т2)/«Орыс тілі мен әдебиеті (Я2)», «Физика», «Химия», «Биология», «Информатика», «География»;

- 12 сыныптарда «Қазақ тілі (Т1)/ Орыс тілі (Я1)», «Физика», «Химия», «Биология», «Информатика», «География», «Қазақстан тарихы»;

- 8,9,10 сыныптарда «Қазақ тілі (Т1)/ Орыс тілі (Я1)», «Қазақ тілі мен әдебиеті (Т2)/«Орыс тілі мен әдебиеті (Я2)», «Ағылшын тілі», «Қазақстан тарихы», «География», «Физика», «Химия», «Биология», «Информатика»;

2) 12-16 қыркүйегі аралығында 7 сыныптарда «Кеңістікте ойлау», «Қазақ тілі мен әдебиеті (Т2)/«Орыс тілі мен әдебиеті (Я2)», «Ағылшын тілі»;

3) 19-23 қыркүйегі аралығында 7-12 сыныптарда «Математика» пәнінен мониторинг жүргізілді.

Екінші мониторинг 2023 жылдың 23-27 қаңтары аралығында 7-11 сыныптарда математика пәнінен ұйымдастырылды.

Үшінші мониторинг 2023 жылдың 3-7 сәуірі аралығында 7-10 сыныптарда «Қазақ тілі мен әдебиеті (Т2)», «Орыс тілі мен әдебиеті (Я2)», «Ағылшын тілі» пәндерінен жүргізілді.

Мониторинг нәтижелері бойынша әрбір пән бойынша үздіктер анықталды.

2.4. МЕКТЕПШІЛІК БАҚЫЛАУ

Мектепшілік бақылау мектептің 02.11.2020 ж. №2 педагогикалық кеңесінің шешімімен бекітілген «Мектепшілік бақылау ережесіне» сәйкес оқу жылы барысында жүргізілді.

2021-2022 оқу жылының қорытындысы бойынша білім сапасы бөмен болған математика мен биология пәндерінің берілісін бақылау басты назарда болды.

Бекітілген жоспарға сәйкес оқу жылы барысында жүргізілген мектепшілік бақылау:

- 5-15 қыргүйек аралығында 10,11,12 сыныптардағы математика пәнінің берілісі;
- 19-23 қыргүйек аралығында жаңадан келген мұғалімдердің сабақтары;
- 26-30 қыргүйек аралығында 11,12 сыныптарда биология, информатика пәндерінің ағылшын тілінде берілуі;
- 10-14 қазан аралығында 7 сыныптардағы математика пәнінің берілісі;
- 9-17 қараша аралығында 8,9 сыныптарда математика пәнінің берілісі;
- 21 қараша-2 желтоқсан аралығында 7-10 сыныптарда биология пәнінің берілісі;
- 5-9 желтоқсан аралығында 11,12 сыныптардағы элективті курстардың берілісі.
- 16-26 қаңтар аралығында жаңадан келген мұғалімдердің сабақтары;
- 23-31 қаңтар аралығында 7-10 сыныптардағы информатика пәнінің берілісі;


Бақылау барысында 80-нен астам мұғалімнің 200-ге жақын сабақтары талданып, кері байланыс берілді. Әрбір бақылаудан кейін пән мұғалімдерінің, психологтар мен кураторлардың қатысуымен директор жанындағы кеңес өткізіліп отырды. Сабақтарды бақылау бойынша құрылған жұмыс тобы мүшелері мұғалімдердің сабақтарында жоспарлау, мақсатқа сәйкес тапсырмалар беру, кері байланыс беру, оқушылардың шығармашылығын арттыру бағыттарының жолға қойылғанын айтты. Сонымен қатар, математика пәні мұғалімдеріне жаңа педагогикалық технологияларды кеңінен қолдану, формативті бағалауды жүргізу, оқушылардың жеке ерекшеліктеріне сәйкес даму траекториясын құру, биология пәні мұғалімдеріне оқушыларды саралап оқыту әдістерін қолдану, белсенді әдістәсілдердің тиімділігін арттыру, кері байланыс беру формаларын түрлендіру, информатика пәні мұғалімдеріне оқушылардың өз бетінше жұмыс жасау дағдыларын дамыту сияқты ұсыныстар берілді.

Мектепшілік бақылау аясында 10,11,12 сынып оқушыларының сыртқы емтихандарға және IELTS-қа дайындық барысы, сынақ емтихандарының қорытындысы, мониторинг нәтижелері, әрбір тоқсанда тапсырылған ТЖБ-дың тапсырмаларын орындау деңгейлері, оқушылардың жеке іс-қағаздарының толтырылуы, электрондық журналдың уақтылы толтырылуы бақыланып отырды.

2.5. КУРАТОРЛЫҚ ҚЫЗМЕТ ПЕН АТА-АНАЛАР КОМИТЕТІНІҢ ЖҰМЫСЫ

2022-2023 оқу жылының ұйымдастырылуы жөніндегі бұйрықтың 7 қосымшасына сәйкес Ақтау қаласындағы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебіндегі шаңырақтар бөлінісі мен оларға жетекшілік ететін педагог-ұйымдастырушы-куратордың тізімі мен олардың координаторлығы келесідей бекітілген болатын:

№	Аты-жөні	Сыныптары	Шаңырақ
1	Сағындықова Жанаргүл Аманбекқызы	7 D, 8 B	Хан Тәңірі
2	Таңбаева Динара Серикқызы	7 C, 11 B	Маңғыстау
3	Амантурлина Мейрамгуль Калдановна	10 A, 12 A	Қашаған
4	Сарманова Ақгуль Амандосовна	11 E, 12 D	Бәйтерек
5	Медагулова Айдана Расуловна	8 F, 10 E	Әбіш ата
6	Салменова Асель Нурболатовна	11 C, 9 D	Астана
7	Есенгазина Лэзат Тулегеновна	7 B, 10 B	Ақеспе
8	Амантұрлы Айгерім Қуанханқызы	10 F, 8 D, 7 A	Т.Шевченко
9	Тлеуберді Айдана Маратқызы	8 C, 9 A	Каспий
10	Күшербаева Куралай Довлетбайқызы	11 D, 9 B	Жібек жолы
11	Муратов Амангали Маратович	12 B, 10 C	Ақорда
12	Күзен Қамар Байдуллақызы	9 C, 8 A	Тамшалы
13	Дюсупова Ляззат Есқабылқызы	9 F, 8 E	Отпантау
14	Анесова Индира Булатовна	10 D, 9 E	Ұлытау





«Әбіш ата» шаңырағының педагог-ұйымдастырушы-кураторы Медагулова А.Р. өз еркімен жұмыстан кетуіне орай, ол жетекшілік еткен 8 «Ф» сыныбы Б.А. Арыстановаға жүктелсе, 10 «Е» сыныбы И.Б. Анесоваға уақытша бекітілді.

Педагог-ұйымдастырушы-куратор Тлеуберді А.М. декреттік демалысқа кетуіне орай, «Каспий» шаңырағының кураторы ретінде Байрғалиева Л.Н. бекітілді.

Педагог-ұйымдастырушы-куратор Кушербаева К.Д. декреттік демалысқа кетуіне орай, «Каспий» шаңырағының кураторы ретінде Қоржықбаева А.М. бекітілді.

2022-2023 оқу жылының екінші жарты жылдығында шаңырақтар мен оларға жетекшілік ететін педагог-ұйымдастырушы-кураторлардың бөлінісі келесідей жүзеге асырылды:

№	Аты-жөні	Сыныптары	Шаңырақ	Координаторлық
1	Сағындықова Жанаргүл Аманбекқызы	7 D, 8 B	Хан Тәңірі	Өзін-өзі басқару, «Оқушы үні» жобасы, координаторы және кураторлар бірлестігінің хатшысы
2	Таңбаева Динара Серикқызы	7 C, 11 B	Маңғыстау	Кураторлық сағаттар және «Ұлы дала ақындары» координаторы
3	Амантурлина Мейрамгуль Калдановна	12 A, 7 E	Қашаған	Асхана жұмысын ұйымдастыру және «Қазақтың 100 әні» жобасы координаторы
4	Сарманова Ақгуль Амандосовна	12 D, 11 E	Бәйтерек	«Жазғы мектеп» және «Менің өмірімде қолданылатын мақал-мәтелдер» координаторы
5	Салменова Асель Нурболатовна	11 C, 9 D	Астана	«READ X» клубы жобасы және «Википедия» клубы координаторы
6	Есенгазина Лэзат Тулегеновна	7 B, 10 B	Ақеспе	Әдістемелік бірлестік жетекшісі, Ата-аналармен жұмыс және «Ата-аналар университеті» координаторы
7	Амантұрлы Айгерім Қуанханқызы	10 F, 8 D	Т.Шевченк о	«100 кітап» жобасы және «DARA» оқырмандар клубы координаторы, Олимпиада жұмысы координаторы
8	Байрғалиева Ляззат Нұржанқызы	8 C, 9 A	Каспий	Контингент жұмысы, тәжірибе тарату координаторы

9	Қоржықбаева Ақмарал Марданқызы	11 D, 9 B	Жібек жолы	«Қоғамға қызмет» жобасы координаторы
1 0	Муратов Амангали Маратович	12 B, 10 C	Ақорда	Үйірме жұмысын ұйымдастыру және сыртқы ұйымдармен байланыс координаторы
1 1	Күзен Қамар Байдуллақызы	9 C, 8 A	Тамшалы	«Дана Бейсенбі» жобасы және зерттеу жұмыстары координаторы
1 2	Дюсупова Ляззат Есқабылқызы	9 F, 8 E	Отпантау	«Ұрпақтар сабақтастығы» және Жазғы элеуметтік жобалар координаторы
1 3	Анесова Индира Булатовна	10 D, 9 E	Ұлытау	«TEDx» клубы координаторы, NIS Radio және мектептің тәртіптік кеңесінің хатшысы
1 4	Арыстанова Бибигуль Абатовна	8 F	Әбіш Ата	Педагог-психолог, ПМПК хатшысы
1 5	Айтжан Майра Қуанышқызы	10 E, 7 F	Алатау	«100 күйдің тарихы» жобасы, MUN және «Рухани жаңғыру» координаторы
1 6	Султанбаева Сымбат Мухамеджановна	10 A, 7 A	Шерқала	Ғылыми жобалар, «Замандастар жырлары» координаторы

2022 жылдың 26 қазанында мектеп директорының бұйрығымен **кураторлық сағаттарды бақылау және кураторларға әдістемелік қолдау көрсету мақсатында жұмыс тобы** құрылып, барлық куратордың сабақтарына кіріп, әдістемелік бірлестік отырысында кері байланыс берілді. Бақылау тобымен келесі ұсыныстар берілді:

- Мектепішілік кәсіби біліктілікті дамыту курстарына міндетті түрде қатысу;
- Шетелдік тәжірибелерді суреттейтін мерзімдік басылымдар мен кітаптарды оқу;
- Әр куратор өз сыныбының қажеттілігін ескеріп, сабақты жсоапрлауы керек;
- Сабақты жоспарлауда сыныптың жасерекшеліктерін ескеру керек.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Б. Мурзабеков педагог-ұйымдастырушы-кураторлардың кәсіби өсуіне ықпал ету үшін келесі семинарларды өзі жүргізген болатын:

- **«Жүйелік әдістемелік кешенді қалай жазамыз?»**
- **«Кураторлардың сыныпты бақылау фокустары»**
- **«Кураторлар зерттеуді қалай жүргізуі керек?»**

Әр куратордың кәсіби дамыту мақсаттарын ескеріп, зерттеу тақырыптарын анықтап, зерттеу топтарын жасақтады. Зерттеу топтары қазір әдебиеттік шолу жасап жатыр.

№	Зерттеу тақырыптары	Мүшелері
1	Ойын технологиялары арқылы сынып оқушыларының танымдық белсенділігін қалай арттыруға болады?	Мурзабеков А.Б., Маскарова Т.О., Анесова И.Б., Амантұрлы А.К.
2	Проблемалы мазмұндағы ситуациялар арқылы оқушылардың анализ жасау дағдысын қалыптастыру	Мурзабеков А.Б., Байрғалиева Л.Н., Амантурлина М.К., Дюсупова Л.Е.

3	Арнайы дайындалған алгоритмдер арқылы оқушылардың ашық сұрақтарды қою дағдысын қалыптастыру	Мурзабеков А.Б., Сарманова А.А., Наженова Б.Х.,
4	Мини жобалар әдісі арқылы оқушылардың бойында құрмет құндылығын қалыптастыру	Мурзабеков А.Б., Танбаева Д.С., Султанбаева С.М.,
5	Нақты экологиялық кейстер арқылы оқушылардың бойында экологиялық тәрбиені қалыптастыру	Мурзабеков А.Б., Салменова А.Н., Арыстанова Б.А.
6	Ассоциация әдісі арқылы оқушылардың ұзақ мерзімді есте сақтау қабілетін дамыту	Мурзабеков А.Б., Айтжан М.К., Күзен Қ.Б.,
7	Оқушыларда фактчекинг дағдығын Flipped classroom әдісі арқылы қалыптастыру	Мурзабеков А.Б., Сағындықова Ж.А., Кушербаева Қ.Д.,

Ғылыми басылымдардағы мақалалар

1. Байсейт А., Есенгазина Л.Т. «Ғылыми жаңғыру: Тұлға мұрасы» Академик Ш. Есеновтың 95-жылдығына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция. Ақтау, - 2022 ж.

2. Есенгазина Л.Т., Бекболат Ш. «Тәрбие басы тіл». «Білімді ел» республикалық білімділік қоғамдық-саяси газеті №6 14.02.2023 ж.

3. Сарманова А.А. Республикалық ғылыми-әдістемелік **USTAZ ENBEGI** журналы №3 (184). 2023 ж.

4. Сарманова А.А. «Білімді ел» республикалық білімділік қоғамдық-саяси газеті №18 (368). 2023ж.

5. Сарманова А.А. Республикалық ғылыми-әдістемелік **USTAZ ENBEGI** журналы №5 (186). 2023 ж.

Конференциядағы баяндамалар

1. Есенгазина Л.Т, Муратов А.М. «Тәжірибені зерттеу-тиімді сабақтың кепілі» III өңірлік онлайн конференция. Ақтөбе қ. 24.03.2023.

Трансляция бойынша семинарлар

1. Адамгершілік құндылықтарын оқушылар бойына дәріптеу. Бейнеу ауданы «Күйкен жалпы білім беретін мектеп» КММ мұғалімдері. Амантұрлы А.Қ., Таңбаева Д.С. (24 қатысушы).

2. Жас мамандарға семинар «Тәрбие үдерісіндегі әдіс-тәсілдермен бөлісу» Муратов А.М., Күзен Қ. Б. (12 қатысушы).

3. «НЗМ әлеуметтік жобаларының оқушылардың білім - дағдылары мен шығармашылығын дамытудағы маңызы» Әл-Фараби қазақ ұлттық лицейінің мұғалімдері Сарманова А.А., Анесова И.Б., Салменова А.Н. (56 қатысушы) 20.10.2022 ж.

4. «НЗМ әлеуметтік жобаларының оқушылардың білім -дағдылары мен шығармашылығын дамытудағы маңызы» Бейнеу ауданы «Күйкен жалпы білім беретін мектеп» КММ мұғалімдері Есенгазина Л.Т., Сарманова А.А. (24 қатысушы) 24.11.2022 ж.

5. «Ата-аналармен жүргізілетін жұмыс формалары», «Оқыту үшін бағалау-нәтижелі білім берудің құралы» Бейнеу ауданы «Күйкен жалпы білім беретін мектеп» КММ мұғалімдері Кушербаева Қ.Д., Тлеуберді А.М. (16 қатысушы) 24.11.2022 ж.

6. «Мәдениеттің мәйегі-кітап» ашық кураторлық сағат 7 «В» сыныбымен. Бейнеу ауданы «Күйкен жалпы білім беретін мектеп» КММ мұғалімдері Сарманова А.А., Есенгазина Л.Т. (15 қатысушы) 06.02.2023 ж.

7. «Ата-аналармен жүргізілетін жұмыс формалары» семинары. Бейнеу ауданы «Күйкен жалпы білім беретін мектеп» КММ мұғалімдері Айтжан М.К., Сұлтанбаева С.М. (15 қатысушы) 06.02.2023 ж.

8. Дөңгелек үстел «Педагог-ұйымдастырушы-кураторлардың жұмыстарын ұйымдастыру» Бейнеу ауданы «Күйкен жалпы білім беретін мектеп» КММ мұғалімдері Есенгазина Л.Т. (18 қатысушы) 06.02.2023 ж.

Оқу жылының қорытындысы бойынша педагог-ұйымдастырушы-кураторлар **10 авторлық кәулікке** ие болды.

№	Авторлық жобаның атауы	Авторлық кәулік номері	Алынған күні	Авторлары	Қысқаша мәлімет
1	«Талаңттар алаңы» байқауы	№36275	26.05.2023	Таңбаева Д.С., Қорғанбаева А.Ж.	7 сынып оқушыларының талантын ашуға бағытталған жобаның Ережесі
2	«Тәрбие басы-тіл» (мақала)	№33540	01.02.2023	Есенгазина Л.Т. Бекболат Ш.Ж.	Оқушымен бірге жазылған ғылыми мақалаға алынған
3	«Әке ізімен» (әкелер клубы)	№35586	11.05.2023	Есенгазина Л.Т. Сарманова А.А.	Мектепшілік әкелер клубының Ережесі мен жылдық жоспары
4	«Әріпте» жобасы	№36189	25.05.2023	Салменова А.Н., Абильтай А.С.	«Уикипедия» жобасының негізінде пайда болған «Әріпте» жобасы оқушыларға үлкен әсер қалдырды. Негізгі мақсаты қазақ тілінде сөйлеу және жазуды оқушылар арасында насихаттауға бағытталған.
5	«Алаш» тағылымының ХХІ ғасырдағы «Мәңгілік ел» идеясымен сабақтастығы	№32083	27.01.2023	Есенгазина Л.Т., Аманжол Е.Б.	Оқушымен бірге жазылған ғылыми мақалаға алынған
6	Топтастыру жұмыстары арқылы оқушылардың көшбасшылық қасиеттің жетілуі	№36153	24.05.2023	Арыстанова Б.А., Байрғалиева Л.Н.	Іс-әрекетті зерттеудің нәтижесіне алынған
7	Мектепшілік NIS радиосын жүргізу ережелері мен сценарий үлгілері	№36480	31.05.2023	Анесова И.Б.	Мектепшілік радионы жүргізудің ережесі мен түрлі авторлық сценарийлерінің жиынтығы.
8	Педагог-ұйымдастырушы-кураторлардың (сынып жетекшілерінің) сабақты бақылау парағы	№36291	26.05.2023	Мурзабеков А.Б.	Оқушылардың сабаққа дайындығы мен сабақтағы іс-әрекеттерін қадағалауға бағытталған арнайы сабақты бақылау парағының жасақталуы. Бұл құрал педагог-ұйымдастырушы-кураторлар мен

					тәрбиешілерге қолдануға ұсынылады.
9	«Мен әлемді тарихи тұлғаларымен танымын» жобасы	№36052	23.05.2023	Мурзабеков А.Б.	Оқушылардың бойында ғаламдық азаматтылық құндылығын ғылым мен мәдениетке еңбегі сіңген тарихи тұлғалардың мерейтойларына арналған шаралар арқылы қалыптастыру
10	NIS Fest танымдық шарасы	№36051	23.05.2023	Мурзабеков А.Б.	«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Қосымша білім беруді 2030 жылға дейінгі дамыту Концепциясы негізінде жыл бойына міндетті үйірмелерден және STEM бағытындағы пәндерден алған дағдыларды көрсететін танымдық шара
11	«Мейірім өскіні» жобасы	№37034	13.06.2023	Амантұрлы А.Қ. Қоржықбаева А.М.	Қайырымдылыққа бақытталған жоба оқушылар бойынша адамгершілік қасиеттерді қалыптастырады.

Кураторлар өткізген шаралар

1. 8 «Е» сынып қыздарына арналған «Құрт жасау» шеберлік сағаты ұйымдастырылды (12 қатысушы).

2. «100 кітап» жобасы аясында 8 сынып ата-аналарына «Оқырман отбасы» интеллектуалды ойыны ұйымдастырылды (14 қатысушы).

3. 8 «D» сынып қыздарына шекелік жасаудан шеберлік сағаты (13 қатысушы).

4. Н.Жантөрин атындағы Маңғыстау облыстық музыкалық драма театрында Дюсупова Л.Е. 9 «Ф» сыныбының 10 оқушысы және 7 ата-анасымен қойылым тамашалады.

5. 8 «А!» сынып қыздарына Құрақ құрау технологиясы бойынша шеберлік сағаты (13 қатысушы).

6. «Жаз мінезді жеңгелер» сайысы, 9-сынып оқушыларынан 3 жеңге, 3 оқушы қатысты.

7. «Қазақтың 100 әні» мен «100 күйдің тарихы» жобалары бойынша «Әуенді тап» интеллектуалды ойыны ұйымдастырылды (6 қатысушы).

8. “Kaz.Fruit.Company” жемістер және көкөністер дүкенінің базасына экскурсия жасау (50 қатысушы).

9. 7 «B» және 7 «E» сынып қыз балаларына «Асхана ханшайымдары» шеберлік сағаты (23 қатысушы).

10. 10 «A» сынып оқушыларына арналған қаржылық сауаттылық бизнес тренингі (20 қатысушы).

11. «Менің өмірімде қолданылатын мақал-мәтелдер» жобасы аясында 7-сынып ата-аналарымен "Эрудит ата-ана" атты интеллектуалды сайысы ұйымдастырылды (12 қатысушы).

12. Интеллектуалды ойын 7 «E» және 7 «Ф» сынып ата-аналарымен “Brain ring” (8 қатысушы).

13. “Ұлы дала ақындары” жобасы аясында М.Жұмабаев өмірі мен өнеріне арналған желілік әдеби шығармашылық сайыс. 5 мектептен : Түркістан қаласынан -

10 оқушы, Көкшетау - 1 оқушы, Семей - 3 оқушы, Тараз - 2 оқушы, Павлодар - 1 оқушы (17 қатысушы).

14. «Мейірімділік жүректен» акциясы ұйымдастырылды (21 қатысушы).

15. «Ұлы дала ақындары» әдеби-шығармашылық сайысы 10 ата-ана, 10 оқушы қатысты.

16. «Сағындырған әндер-ай» ретро ән кеші 14 шаңырақ 40 ата-ана.

17. «Мәдениет мәйегі-кітап» 7 «В» сыныбы ашық кураторлық сабақ. Сарманова А.А., Есенгазина Л.Т. (24 қатысушы).

18. Желілік «Ділмар Зияткер» интеллектуалды сайысы Атырау, Орал, Түркістан, Қарағанды НЗМ мектептері арасында ұйымдастырылды (2 куратор).

19. 8 сыныптар арасында «Бірлігіміз жарасқан» спорттық эстафетасы (54 қатысушы)

20. 9 сынып параллельдері арасындағы «Біз біргеміз» ұлттар флешмобы (70 қатысушы).

21. 10 «В» сыныбына арналған тарих пәні мұғалімі Жеткізгенова М.Т. «Кеңестік идеология қазақ мәдениетінің дамуына қалай әсер етті?» кіріктірілген сабағы (24 қатысушы).

22. «Үздік ашық» сабақ байқауы Байрғалиева Л.Н., Таңбаева Д.С., 8 «С» сыныбына «Кітап сарқылмас рухани қазына» 2 орын.

23. «Үздік ашық» сабақ байқауы Есенгазина Л.Т., Жеткізгенова М.Т. 9 «Ф» сыныбы «Ұлы Отан соғыс жылдарындағы қазақ батырлары» 1 орын.

24. «Үздік ашық» сабақ байқауы Сарманова А.А., Айтжанова М.Қ., «Шексіз ғарыш әлемі» 7 Ф сыныбымен 1 орын.

25. 9 «С» сыныбының оқушылары мен ата-аналары, кураторы Күзен Қ.Б. Н. Жантөрин атындағы Маңғыстау облыстық театрында М.Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда» қойылымын тамашалады.

26. «Кіші туған елге тағзым» 7 «А», «В», «Д» сыныптары «Шерқала», «Айрақты» таулары

27. «Кіші туған елге тағзым» 7 «А», «В», «С», «Д», «Е» сыныптары «Қараман ата», «Ыбықты сай».

28. «Кіші туған елге тағзым» 8 «С» және 9 «А» сыныптары Тамшалы табиғат ескерткіші.

Қорытынды

Педагог-ұйымдастырушы-кураторлардың кәсіби құзыреттіліктерін одан әрі дамыту үшін ең бастысы зерттеумен айналысып, оқушының тұлғалық дамуына көздейтін шараларды көбірек өткізу. Педагог-кураторлардың кәсіби құзыреттілігін дамыту үшін тамыз айында өзара оқытуға бағытталған семинарлар мен шеберлік сабақтары өткізіледі.

Менторлық жұмыс әдістемелік бірлестікте жолға қойылған, алайда ментор мен ментиден өзара ықпалдастығы арқылы пайда болған туындылар жоқ. Кураторлар ата-аналармен жоғары деңгейде жұмыс жасайды, алайда бірқатар кураторларды мықты тәлімгерлермен жұмыс жасауға қажеттілік бар.

2022-2023 оқу жылындағы Кураторлық қызметтің SWOT анализі

Мықты тұстары	Әлсіз тұстары
<ul style="list-style-type: none">НЗМ тәжірибесін тарату бойынша семинарлардың көп ұйымдастырылуыӘлеуметтік жобаларды жүзеге асыру деңгейінің жоғарылығы	<ul style="list-style-type: none">AR және LS зерттеулеріне қатыспауыКураторлық сағаттар немесе шаңырақ сағаттарын өткізу

<ul style="list-style-type: none"> • «Кіші Туған елге тағзым» жобасының ұйымдастырылуы • Ата-аналармен тиімді ықпалдастық • Ата-аналардың ұлттық салт-дәстүр бойынша шеберлік сабақтары • Тәрбие шараларын ұйымдастыру кезіндегі жоғары жауапкершілік • Үлгерімі төмен немесе ерекше қамқорлықты қажет ететін оқушылар бойынша кейс-менеджмент жүргізу • Менторлық нәтижесінде өнімнің болуы • Авторлық жобалардың көптігі. 	<p>бойынша әдістемелік жинақты жасақтамауы</p> <ul style="list-style-type: none"> • Ғылыми конференцияларда өз зерттеу нәтижесі бойынша баяндамалар жасамауы • Пән мұғалімдерінің сабақтарына қатысу деңгейінің аздығы
Мүмкіндіктер	Қауіп-қатер
<ul style="list-style-type: none"> • Сыныптарында 100% білім көрсеткіші бар кураторлармен тәжірибе алмасу • Оқушылар арасында тьюторлық жұмысты жандандыру • Кәсіби кітаптарды оқу бойынша кураторлар ішілік байқаулар ұйымдастыру • Әр куратордың кәсіби даму траекториясы бойынша маршрут құрастыру • Шаңырақ бұрыштарының ұйымдастыру 	<ul style="list-style-type: none"> • Зерттеу жұмыстарымен айналыспау • Жас мамандардың декреттік демалысқа кетуі • Шараларды ұйымдастыру кезінде оқушылардың жасерекшелік физиологиясы мен психологиясын ескеру

АТА-АНАЛАР КОМИТЕТІНІҢ МЕКТЕПШЕН ТИІМДІ ЫҚПАЛДАСТЫҒЫ

Бракераж комиссиясы

2022-2023 оқу жылында Бракераж комиссияның жоспары бойынша асхана тамағының сапасы қадағалау мақсатында жұмыстанды. Жыл басынан бері бракераж комиссиясының 12 отырысы өткен болатын. Оқу жылының бірінші жарты жылдығында көтерілген сұрақтардың бірі асхана тамағының сапасы болады. Мектеп әкімшілігі мен ата-аналар комитеті тығыз жұмыс жасау нәтижесінде екінші жарты жылдықтан бастап, асхана тамағының сапасы жолға қойылды.

Ата-аналар зияткерлік ойындарда

Оқушылардың білім сапасы мен сабаққа үлгерімін арттыру мақсатында әр тоқсаннан кейін «Бетпе-бет» форматта ата-аналар жиналысы ұйымдастырылып, 7-12 сынып ата-аналары мен мектеп мұғалімдері, педагог-кураторлар кездесулер өткізілді. Ата-аналар мұғалімдермен кездесу барысында, оқу үлгеріміне қатысты кеңестер алса, педагог-психологтардан жасөспірімдік кезеңдегі мінез-құлық өзгерістері туралы сұрақтарын қойып, бала тәрбиелеу бойынша тиімді кеңестер алды.

7 сынып ата-аналары арасында «Менің өмірімде қолданылатын мақал-мәтелдер» жобасы аясында 7-сынып ата-аналарымен «Эрудит ата-ана» атты интеллектуалды сайыс 12 ата-ана. Интеллектуалды ойын 7 «Д» және 7 «Ф» сыныптары арасындағы «Brain ring» ойыны.

интеллектуалды сайысы және «100 әні» жобасын жүзеге асыру мақсатында «Әуенді тап» викториналық ойыны өткізілді. ұйымдастырылды.

Ата-аналар қайырымдылық шараларына қатысады

«Мейірім өскіні» өрттен зардап шеккен Қостанайлықтар үшін қайырымдылық жәрмеңкесін өткізді. Жыл сайын «Мейірім өскіні» ұйымы өткізетін жәрмеңке биыл тілсіз жаудан зардап шеккен қостанайлықтарға көмек ретінде ұйымдастырылды.

Жаңа жылға қарсы көмекке мұқтаж отбасыларға қайырымдылық акциясы ұйымдастырылды. Көмекке мұқтаж отбасыға топ волонтерлары азық-түліктер апарып, көңілдерін көтеріп, балаларға жаңа жылдық сыйлықтар берген болатын. Қатысқан оқушылар саны 13

«Ұрпақтар сабақтастығы» жобасы

8 «А» сынып қыздарына ақ жаулықты әже Рашаева Қалам Рашайқызы “Құрақ құрау технологиясы” бойынша шеберлік сағатын өтті.

Ұлттық тағам “Құрт жасау” техникасы шеберлік сабағы 8 «Е» сынып қыздары 13 Лекерова Азизаның мамасы Тукенова Галия Тлеповна өткізді.

“Суши жасау” үй жағдайында жасап үйрену. Шеберлік сабағы. 8 «Е» сынып ата-анасы Сейдахметова Аружан өткізді.

Экологиялық бастамалар

Ақтау қаласындағы ІТ лицейінің “Ecoteens” волонтерлік ұйымымен бірге «Мейірім өскіні» еріктілері экосенбілік ұйымдастырылды. Жиналған 60-тан астам қоқыс мешоктар сұрыптауға тапсырылды.

Taza.likee” ұйымы қолдауымен қақпақ жинауға арналған қайырымдылық акциясы өтті. Жыл бойна жиналған пластикалық қақпақтар Ақтау қаласындағы аутизм ауруына шалдыққан егіз қыз балалар Айлин мен Жасминнің еміне көмек ретінде тапсырылды. Қатысқан оқушылар саны 700. «Ecoday» экосенбілік ашық аспан аясында, теңіз жағалауында өткізілді. «Мейірім өскіні» еріктілері пластикалық бөтелкелер мен қаңылтыр бөтелкелерді, қағаз және пакет қалдықтарын жинап, арнайы қалдықтар қабылдау пункттеріне тапсырылды. Қатысқан оқушылар саны 15.

Спорттық шаралар

Шаңырақ ата-аналар арасындағы "Ұлттық - спорт ұлт денсаулығының кепілі" спартакиадасы

атты жарысқа қатысты. Әр шаңырақтан шыққан бір әке, бір анадан, бұқа тартыс, асық ойнау, ләңгі тебу, оқтау тартыс, теңге алу, қол күрес спорт түрлерінен жарысып, мүмкіндіктерін сынады.



Зияткерлік мектепте ата-аналармен тұрақты жұмыс жүргізіледі. Бұл жолы елдігіміздің тұғыры болған, ұлттық спорт түрлеріне назар аудару назар аудардық. Жарыс барысында ата-аналарымыздың ұлттық спорт түрлерін өте жақсы меңгергенін байқалды.

Шаңырақ оқушыларының әкелері арасында футбол спартакиадасы өтті. 10 шаңырақтан 60 әке қатысты.

Ата-ана, оқушы және ұстаздар арасындағы шахмат турнирі.

2023 жылдың 15 сәуір күні Ақтау қаласындағы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінде «Ата-аналар мектепте» айлығы аясында педагог-

ұйымдастырушы-куратор және Дене шынықтыру әдістемелік бірлестігінің қолдауымен ата-аналар, оқушылар және ұстаздар арасында шахмат турнирі ұйымдастырылған болатын.

Шара барысында әр шаңырақтан шыққан оқушы мен ата-ана қасына әр әдістемелік бірлестіктен бір мұғалімнен қосылып команда құрылды.

Шахмат өте қатты шыдамдылық пен стратегиялық ойлауды қажет ететін ойын түрі болып есептеледі.



Қатысушылардың жас ерекшеліктері әр түрлі. Мысалы, 7 сынып оқушылары өздерінің 70 жастағы аталарымен қатар ойнап, біраз тәжірибе жинақтады.

Турнир қорытындысы бойынша:

- 1 орын – Хан тәңірі шаңырағы
- 2 орын – Маңғыстау шаңырағы
- 3 орын – Алатау шаңырағы

1 такта бойынша

- 1 орын - Жандос Бекен
- 2 орын - Азат Хамидулла
- 3 орын - Лес Айтан

2 такта бойынша

- 1 орын - Жанат Токенов
- 2 орын – Нурлан Аманкулов
- 3 орын – Ескали Эминов

3 такта бойынша

- 1 орын – Сабит Сейдалиев
- 2 орын – Рустам Бозбаев
- 3 орын – орын Эдебиет Камзаев

«Ата-аналар мектепте» айлығы

«Ата-аналар мектепте» айлығы шеңберінде «Әжеден ғибрат» клубының кезекті қыз балаларға арналған танымдық және шеберлік сабақтары өткізілді. Әжелер өткізген танымдық-шеберлік сабақтар оқушыларға қазақ халқының салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын танытып, қоғамның парасаттылық пен адамгершілігі мол, патриот тұлғасын қалыптастырудағы рөлін анықтауда маңызы зор болды.

10 «А» сыныбының ата-анасы Есбергенова Бибігүл «Ата ана мектепте» жобасы аясында “Финансовая грамотность” тақырыбында бизнес тренинг өткізді.

7 «В» сынып оқушысы Серіков М. әкесі ер балаларға автомат шашудан шеберлік сағатын өткізді.

8 «Д» сынып қыз балаларына шекелік жасаудан шеберлік сағатын Енсегенова Гулжихан өткізіп, оған 13 оқушы 3 мұғалім қатысты.

Ақтау қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушылары мен ата-аналарына арналған іс-шараларды қамтитын кәсіптік бағдар беру апталығы болды.

Кәсіптік бағдар беру оқушылар үшін мамандықтар жарменкесі ұйымдастырылды. Жарменкеге әр түрлі саланың мамандары катысты, онын ішінде медицина, косметология, дизайн, әскери салалар, педагогика, музыка, теңіз кемелері және т.б

Жарменкені ұйымдастырудағы басты мақсат оқушыларды мамандық, түрлерімен нағыз өз ісінің шеберлері арқылы таныстыру. Ескеру керек нарсе шарада мамандық иелері ретінде оқушылардың ата-аналары шақырылды.

«Ата-аналар мектепте» айлығын қорытындылау мақсатында «Сағындырған әндер-ай» ретро ән кеші ұйымдастырылды. Ретро ән кешіндегі әуенді әндер мен көз тартар билер әр буын өкілінің жүрегінен орын тауып, көрерменнің 100% көңілінен шықты.

2022-2023 оқу жылындағы Ата-аналармен жұмыстың SWOT анализі

Мықты тұстары	Әлсіз тұстары
<ul style="list-style-type: none"> • Ата-аналар шеберлік сағаттарын жүргізеді • «Ата-аналар университеті» жобасының ұйымдастырулы • «Кіші Туған елге тағзым» жобасына ата-аналардың белсенді араласуы • «Әжеден ғибрат» клубының жұмысына ата-әжелердің араласуы • «Берік отбасы» бағдарламасынан ата-аналардың өтуі 	<ul style="list-style-type: none"> • Бірқатар ата-аналардың бала тәрбиесімен айналыспауы • Әкелердің ер бала тәрбиесіне салғырт қарауы • «Ата-аналар университеті» жобасы аясында барлық ата-аналарды қамту жиілігі • Ұялы телефонға тәуелділікті жою ата-аналар тарапынан қолдау табылмайды • Жалпыға ортақ шаш және киім үлгісін сақтамайтын оқушыларды ата-аналардың қолдауы
Мүмкіндіктер	Қауіп-қатер
<ul style="list-style-type: none"> • Белсенді ата-аналардың болуы • Жазғы әлеуметтік жобалар («Ата-ана жұмысындағы 1 күн», «Ата-ана жұмысындағы 10 күн», «2 апта ауылда») • Ата-аналарды толық тәрбие жобаларымен таныстыру 	<ul style="list-style-type: none"> • Толық емес немесе көп балалы отбасылардың балалары ата-ана мейіріміне аз бөленеді • Ата-аналар тарапынан оқушыларды гипер баптау

2.6. ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ МЕН ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАР

Ақтау қаласындағы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі директоры Р.Н. Жумабаевтың №276/ОД 21.09.2022 «Үйірмелер мен секциялар жұмысын ұйымдастыру туралы» бұйрығына сәйкес 2022-2023 оқу жылында қосымша білім беру сабақтары ұйымдастырылған болатын. Негіздеме ретінде 2021 жылдың 31 тамызында қабылданған №45 «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ оқушыларына арналған 2030 жылға дейінгі қосымша білім берудің дамыту Концепциясы және №48 2013 жылдың 29 тамыздында қабылданған «Назарбаев Зияткерлік мектептері оқушыларын тәрбиелеу саясаты» қарастырылады.

Қосымша білім беруді дамыту концепция аясында 7 сыныптарға міндет қосымша сабақ ретінде Робототехника және Домбыра сабақтары енгізілсе, ал 8 сыныптар үшін хареография мен хор сабақтарды сабақ кестесіне енгізілді. Мектеп

бойынша 24 үйірме мен секция жұмыстары жыл басында жұмысын бастап, нәтижелігін көрсетті.

№	Үйірме атауы	Жетекшінің аты-жөні	Қызметі
1	MUN клубы	Davis Charles Brian	ГППР пәні мұғалімі
2	Ted X	Ибраимов Н.С.	ГППР пәні мұғалімі
3	Ted X	Анесова И. Б.	Педагог- ұйымдастырушы-куратор
4	«Қос перне» домбырашылар үйірмесі	Г.С.Тажмағамбетова	Қосымша білім педагогы
5	«Via» ВИА	Ахметов С.М.	Көркемдік-муз.жетекші
6	Вокал үйірмесі	Ахметов С.М.	Көркемдік-муз.жетекші
7	«Шұғыла» би ансамблі	Кайранбаева Л.,	Хореограф
8	«Шұғыла» би ансамблі	Егізбаева Ү. С.	Хореограф
9	«А,капелла» Вокальный ансамбль	Ахметова З.Е.	Өнер пәні мұғалімі
10	«Шабыт» батик үйірмесі	Алтаева Т. А.	Қосымша білім педагогы
11	«Бейнелеу өнері» үйірмесі	Бисенғали А.	Өнер пәні мұғалімі
12	«Сәңгер» тігін үйірмесі	Жумаева А.Т.	Қосымша білім педагогы
13	Волейбол	Махметова В.К.	Дене тәрбиесі пәні мұғалімі
14	Баскетбол	Исчанов А.	Дене тәрбиесі пәні мұғалімі
15	Футбол	Арыстанов А.С.	Дене тәрбиесі пәні мұғалімі
16	Шахмат	Турдымбетова А.	Дене тәрбиесі пәні мұғалімі
17	Тоғызқұмалақ	Турдымбетова А.	Дене тәрбиесі пәні мұғалімі
18	Робототехника	Медет М.	Қосымша білім педагогы
19	Робототехника	Атаназаров М.А.	Қосымша білім беру педагогі
20	Актер шеберлігі	Бекен Е.Т.	Қосымша білім беру педагогі
21	Телестудия	Нұрмұханова Г. А., Ұзақбай Б.	Пресс-хатшы, оператор
22	Re: Speak	Қосым Ғ. Ә.	11 «Д» сынып оқушысы
23	Ozimiz SC(science community)	Өмірзақ Е. Қ.	12 «В» сынып оқушысы
24	Once in NIS	Сейджан А.	12 «Д» сынып оқушысы

Қалған қосымша сабақтардың барлығы оқушыларға ыңғайлы уақыттарға педагог-ұйымдастырушы-кураторлармен сабақ кестесіне қойылды. Қосымша білім беру сабақтарының сапасы мен жұмысын үйлестіру үшін педагог-ұйымдастырушы-куратор Муратов А.М. бекітілді. Сонымен қатар әрбір куратор өз сыныбының қосымша сабаққа қатысуын қадағалау міндеттелді. Оқу жылының соңында қосымша білім беру сабақтарының нәтижелігін көрсету үшін NIS Fest шарасы ұйымдастырылды.

Қосымша білім беру үйірмелеріне қатысатын оқушылардан шығармашылығын шыңдау мақсатында келесі мектепшілік шаралар ұйымдастырылған болатын:

1. Желілік "Домбырашылар флешмобы" (150 оқушы)

ҚР Тұңғыш Президент күні қарсаңында Ақтау қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің 100 оқушысы Маңғыстау облыстық Қ.Сыдықов атындағы облыстық кітапханада «Ұлы дала мұрагерлері» домбырашылар флешмобын өткізді. Дәстүрлі шарада зияткерлер ұлы ақын Абайдың шығармалары мен халық күйлерін орындады.

Шараның басты мақсаты – бабалар рухына шығармалар арқылы тағзым ету. Сондай-ақ биылғы оқу жылында мектеп қабырғасын аттаған зияткерлік мектептің 150 оқушысының мүмкіндіктерін көрсету, ұлттық тәрбиеге баулу.



Қала тұрғындарына арналған шара барысында жас домбырашылар алдымен Құрманғазы Сағырбайұлының «Балбырауын» күйін орындаса, кейін «Нәр ағашы», «Кербез сұлу» күйлерін нақышына келтіріп орындады. Флешмобтың екінші бөлімі «Тепеңкөк», «Нәр ағашы» туындыларымен жалғасты.

2. «Таланттар алаңы» мега жобасы

Дәстүрлі түрде ұйымдастырылатын «Таланттар алаңы» мега жоба осы оқу жылында да өз жалғасын тапты. 7 сынып оқушыларын шығармашылық тұрғысынан жан-жақты ашу мақсатында ұйымдастырылатын байқауға барлық 7 сынып оқушылары белсене қатысты. «Ән», «Би», «Аспапта ойнау», «Дәстүрлі ән орындау» номинациялары бойынша қатысқан оқушылар өз өнерлерін жан-жақты көрсеткен болатын.

3. NIS FEST

2023 жылдың 22 сәуір күні Ақтау қаласындағы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінде «NIS FEST – 2023» шарасы ұйымдастырылды. Шараның ұйымдастырудағы негіздеме ретінде 2021 жылдың 31 тамызында қабылданған №45 «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ оқушыларына арналған 2030 жылға дейінгі қосымша білім беруді дамыту Концепциясы қарастырылады. Оқушылар 2022-2023 оқу жылында қосымша білім беру сабақтаранынан алған дағдылары мен білімдерін осы шарада ортаға салып, мерекелік көңіл күй сыйлады. Шараның қонақтары ретінде оқушылар, ата-аналар, мектептің Қамқоршылық кеңесі және арнайы шақырылған қонақтар болды. Шараның ашылуында оқушылар ән айтып, әр түрлі халықтардың билерін биледі және домбырамен күй атасы Құрманғазының күйлерін ойнаған болатын.

Шараның негізгі мақсаттары:

- Қосымша білім беру үйірмелері мен клубтардың жұмысын активизациялау;
- Оқушылардың көркем-эстетикалық тәрбиеге баулу;
- Ата-аналар мен сыртқы ұйым өкілдерінің мектептің қоғамды өміріне араласуын жоғарылату;
- Оқушыларды ұлттық тәрбиеге баулуда ата-аналарды комитетінің жұмысын арттыру.



«NIS FEST – 2023» шарасының өтуі түрлі локациялар арқылы жүзеге асырылды.

Сонымен қатар қосымша білім беру бойынша үйірме жұмыстарынан бөлек «Ғылыми жобалар жәрмеңкесі», «Senim» өзін-өзі басқару және «Мейірім өскіні» еріктілер клубының локациялары да болды. Идеялар жәрмеңкесінде оқушылар өздерінің жаңа ғылыми жобаларын таныстырып, «Senims» өзін-өзі басқару ұйымының мүшелері түрлі активитилер ұйымдастырса, ал еріктілер клубы қайырымдылық дастарханын жайылды.



Қатысушы ата-аналар балаларының тек білім ғана емес, сонымен қатар көркем-эстетикалық бағыттағы тәрбиенің беріліп жатқандығы туралы оң пікірлерін білдірді.

4. **Жалпыға бірдей домбыра сабағы**

Мұғалімдер: ҚББП Тажмағамбетова Г.С. және тарих пәні мұғалімі Курманова Г.Т.

Ақтау қаласы химия-биология бағытындағы Назарбаева Зияткерлік мектебінде "100 күйдің тарихы" жобасы аясында қазақ халқының ұлттық құндылығы мен тарих сабағын кіріктірген «Құрманғазы Сағырбайұлына -200 жыл» атты домбыра сабағы өткізілді.

Домбыра- қазақ халқының музыкалық мәдениетінің басты символы. Қазақтың қара домбырасының тарихы тереңде жатыр. Қазақ ежелден домбыраны «жарты байлық», «құт бесік» деп қадір тұтқан.

Міне осы домбыраның тарихы сабақтың негізгі өзегі болды. Сабаққа 7-8 сынып оқушылары қатысып, домбыра шертіп, ұлттық тарихымызға көз жүгіртті.



5. **«Мәнсия» қойылымы**

Оқушылардың шығармашылық тобы Кеңес Одағының батыры Мәншүк Маметованың 100 жылдығына орай «Мәнсия» қойылымы қойылды. Режиссері 11 сынып оқушысы Нурбаева Асылзада.



6. Ақтау қаласының 60 жылдығына арналған Наурыз мерекесі

Ақтау қаласы әкімінің орынбасары, мектебіміздің Қамқоршылық кеңесінің мүшесі А.Ж. Байпақовтың ресми хаты негізінде Каспий теңізі жағалауында ұйымдастырылатын Ақтау қаласының 60 жылдығына арналған Наурыз мерекесін тойлау шарасына Ақтау қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі қатысқан болатын. Шара барысында оқушылар мектеп киіз үйі жанында қосымша білім беру сабақтарынан алған дағдыларын көрсетіп, қала тұрғындары мен қонақтарының үлкен бағасын алды.



7. Қалалық Caspi Bike шарасы

Ақтау қаласының 60 жылдығына арналған Caspi Bike шарасына мектептің оқушылары мен мұғалімдері қатысты. 10 км қашықты жүріп өткен қатысушылардың барлығы естелік медальдармен марапатталса, әйелдер арасында 2 болып келген информатика пәні мұғалімі А.Е. Алмабекова күміс медальға ие болды.



8. «Екі жұлдыз» байқауы

«Екі жұлдыз» мектебіміздің тарихындағы дәстүрлі шаралардың бірі болып табылады. Жыл сайын бұл байқауға қатысушылардың саны артып, қызығушылықтары оянып келеді. Мектеп қауымдастығының барлық мүшелерін қамтитын шара осы оқу жылында офлайн форматта ұйымдастырылып, көптің көңілінен шықты. «Қазақтың 100 әні», «100 күйдің тарихы» атты жобалардың

тізіміне кіретін күйлер мен әндер орындалған болатын. Ал кейбір оқушылар заманауи шетелдік әндер мен билерді таңдаған. Алайда ұлттық құндылықтарға негізделген сахна номерлерінің саны көп. Бұл оқушылар мен олардың жетекшілерінің ұлттық болмыс пен мәдениетті құрметпен қарайтындығын көрсетеді.



9. Ата-ана, оқушы және ұстаздар арасындағы шахмат турнирі

2023 жылдың сәуір айында Ақтау қаласындағы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінде «Ата-аналар мектепте» айлығы аясында Дене шынықтыру әдістемелік бірлестігінің ұйымдастыруымен ата-аналар, оқушылар және ұстаздар арасында шахмат турнирі ұйымдастырылған болатын.

Шара барысында әр шаңырақтан шыққан оқушы мен ата-ана қасына әр әдістемелік бірлестіктен бір мұғалімнен қосылып команда құрылды.

Шахмат өте қатты шыдамдылық пен стратегиялық ойлауды қажет ететін ойын түрі болып есептеледі.



10. Ашық сабақ «Қазақ бии», «Киіз басу»»

Хареография, домбыра және киіз басу сабақтарын кіріктіру арқылы өткізілген сабақ Егізбаева Ү.С., Жумаева А.Т. және Тажмагамбетова Г.С. жоспарланған.

Сабақ «Киіз басу» биінің шығу тарихы мен ол биде қолданылатын іс-қимылдарды толық меңгеруге әсер етті. Сабақ жоғары деңгейде өткізілді.



Балаларға қосымша білім беруде оқушының білімін, шеберлігін көрсету. Оқушыны шығармашылық жұмысқа тарту арқылы танымдық қабілеттерін, қызығушылығын арттыру, жетістіктерін бағалап көрсету, белсенділігін қалыптастыру, өздігінен еңбек етуге дайындау, іскерлігін дамыту.

«Аспаздық академиясы» үйірмесі. Үйірме мақсаты: Дастархан мәзірін дайындау, күнделікті өміріңде пайдалана білу дағдыларын қалыптастыру.



Сметанник дайындаған «Зияткер» тобының оқушылары	Пайдалы сусындар дайындап үйренуде	«Зияткер» тобының тәрбиеленушілері жеміс-жидектермен әсемдеп безендіруді үйренуде
--	------------------------------------	---

«Пирография» үйірмесі. Үйірменің

мақсаты: Ағаш бетін күйдіру әдістері туралы түсінік бере отырып, тәрбиеленушілердің ой-өрісін дамыту, қолөнерге деген сүйіспеншілігін ояту бос уақытын тиімді пайдалану.



Салынған суреттерді көркемдеп күйдіруді үйренуде	Өртүрлі бояуды араластыру арқылы өзгеше түс шығару тәсілдерін үйренуде	Алдыңғы сабақта күйдірген жұмыстарын бояп, әрлеу үстінде
--	--	--

«Өрнек» үйірмесі.

Мақсаты: оқушыларға әртүрлі тоқылған бұйымдарды орындау кезінде еңбек дағдыларын үйрету, олардың эстетикалық талғамын қалыптастыру, шығармашылық

қабілеттерін дамыту, табандылықты, дәлдікті, өзара көмек сезімін тәрбиелеу, қол моторикасын дамыту.



Ілмекпен тоқыма тоқу өнері туралы жалпы түсінік беру, тарихымен таныстыру.	Түрлі өрнектеп ыстық ыдыстың астына тұғырды тоқу	«Үкі» панносындағы попкорн элементін тоқып үйрену.	«Қауырсын тәрізді бетбелгі тоқып үйрену»
--	--	--	--

«Үстел үсті ойыны» үйірмесі.

Мақсаты: оқушыларға және ұлттық спортқа деген қызығушылықтарын ояту.



«Speaking club» үйірмесі.

Мақсаты: Зияткерлердің ағылшын тіліне деген қызығушылықтарын ояту.



«About world» тақырыбында	«My skills» тақырыбында	«Importance of English» тақырыбында
---------------------------	-------------------------	-------------------------------------

«Футбол» үйірмесі.





Мақсаты: балалардың денсаулығын нығайту және жан-жақты физикалық дамуы. Оқушылардың спорттық жабдықтар мен футбол тактикасын меңгеруі. Жоғары адамгершілік және ерік-жігер қасиеттерін тәрбиелеу; адамның ерекше физикалық қасиеттерін дамыту. Салауатты өмір салтына деген қажеттілікті қалыптастыру.








6. Жатақханада тәрбиеленушілермен бірге тұрақты түрде жүргізілетін жобалар

№	Тақырыбы	Мақсаты	Өткізілу уақыты
1	«Redax»	Оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру	Жылына екі рет
2	«Видеосумерки»	АКТУАЛЬДЫ ТАҚЫРЫПТАРДЫ АШУ, ОҚУШЫНЫҢ ІЗДЕНІСІН ДАМУ, ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ШЫҢДАУ	Жылына бір рет
3	«Жаныңда жүр жақсы адам»	Өз облыс, қаламыздағы үлгілі жандарды насихаттау, балаларға үлгі ету	Айына бір рет
4	«Амал – ізгілік бастауы»	Ұлттық салт-дәстүрімізді ұмытпау, сыйлау, кішіге ізеттілік көрсету	14 наурыз
5	Шетелдік ұстаздармен кездесу	7-8 сынып оқушыларының ағылшын тіліндегі сөйлесу дағдыларын дамыту	Аптасына бір рет
6	«Өзінді таны – Прояви себя»	Жобаның мақсаты жатақхана студенттері арасында достық қарым-қатынас орнату, олардың жақсы қырларын көрсету болды.	Айына 1 рет
7	«Хат жазамын қолыма қалам алып»	Балаларға өз отбасына хат жаздыру арқылы отбасы құндылығын, жазылым дағдысы арқылы тіл байлығын, сөздік қорын дамыту, ата-ана мен мектеп арасындағы байланысты нығайту.	Тоқсанына 1 рет
8	«Мамандықтар жәрмеңкесі» жобасы	Оқушылар пән таңдауда қателеспегуге, болашақ мамандықтарына бағыт беруге, ата-аналардың мектеп өміріндегі белсенділігін араластыру	Жартылдықта бір рет

№	Жоба атауы	Өткізілу уақыты, дәлелдеме	Жауапты
1	«Жаныңда жүр жақсы адам» жобасы. «Жайықтың ақ шағаласы» ақын А.Бақтыгереевамен кездесу.	25.09.2022ж. 	Мизамбаев Ж.С. Сәбит М.Б.
2	«Жаныңда жүр жақсы адам» жобасы. "Тілдарын" сайысының жүлдегері, Назарбаев университетінің магистранты, мектебіміздің ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары Л.С.Байтоқаевамен кездесу.	17.11.22ж. 	Мизамбаева Ж.С.

3	«Жаныңда жүр жақсы адам» жобасы. Мектебіміздің кәсіби бағдар беру маманы С.Б.Алдабергеновамен кездесу.	17.05.23ж. 	Мизамбаева Ж.С.
4	«Readx» жобасы. "Кітап оқудан тыйылсақ, ой ойлаудан тыйылар едік". Жобаға орыс тілі пәнінің мұғалімі – Ш.М.Шерубаева катысып, Робин Шарма "Монах который продал свой феррари" шығармасымен таныстырды. Спикерлер 9 «Е» сынып оқушысы Мэлс Дамир "Мальчик в полосатой пижаме", 9 «F» сынып оқушысы Асылбек Мәди "Цветы для Эдджернона", 9 «А» сынып оқушысы Нұрбай Қаламқас "Жабайы алма" 9 «В» сынып оқушысы Сұлтанғали Бекжан "Лунастры" 7 «А» сынып оқушысы Конисбаева Назерке "Оң қол" және Жарылғасын Айгерім "Қорғансыздың күні" атты шығармаларымен таныстырды.	05.04.2023ж. 	Жұмағұлов Ә.А.
5	«Амал – ізгілік бастауы» жобасы негізінде жатақханда қазақтың ұлттық ойындары ойналды, ұлттық тағамдары пісірілді.	14.03.2023ж. 	Тәрбиешілер
6	Шетелдік ұстаздармен кездесу. Физика пәнінің мұғалімі Koorosh Amirmonozahпен кездесу. Мақсаты: тәрбиеленушілердің ағылшын тілі деңгейін көтеру.	08.09.2022ж. 	Жұмағұлов Ә.А.
7	Химия пәні мұғалімімен Sam Mendietamen кездесу.	15.09.2022ж.	Жұмағұлов Ә.А.

			
8	Химия пәнінің мұғалімі Muhammed Elshikhпен кездесу.	26.01.2023ж. 	Жұмағұлов Ә.А.
9	«Хат жазамын қолыма қалам алып» жобасы.		Сарсенова С.Е.
10	«Мамандықтар жәрмеңкесі» жобасы. Әр саланың мамандары ретінде Конисбаева Назеркенің анасы Нұржамал Дошимова (мамандығы дәрігер-терапевт), Рахат Мұхамедалидің әкесі Жақсылық Есенжанов (IT маманы) және де Түркменбай Аружанның әкесі Есқали Әминов (өрт сөндіруші) жоба қонағы болып, өз мамандықтары туралы айтып, еркін әңгімелесу форматында өтті.		Сарсенова С.Е. Сарсенгалиева Г.Ж.
11	«Өзіңді таны – Прояви себя» жобасы. 9,10,11,12 – сыныптың тәрбиеленушілеріне өтті. Зияткерлер өздерін жақсы қырынан көрсете алды, ойландырып жүрген сұрақтарына жауап таба алды.	08.09.2022ж. 	Мизамбаева Ж.С.

7. Жатақхананың өзін-өзі басқару ұйымы

Жатақхананың тәрбиеленушілері арасында сайлау өткізіліп, жатақхана президенті мен министрлері сайланды. Сайлаудан кейін бірінші отырысы өткізіліп, жылдық жоспары жасақталды. Жоспарға сәйкес төмендегідей іс –шараларды жүзеге асырылды:

№	Шара атауы	Өткізілу уақыты, дәлелдеме	Жауапты
1	Республика күніне орай «Quest» интеллектуалды ойыны өткізілді. Зияткерлер бірнеше топқа бөлініп, әр кезеңнен өту үшін берілген тапсырмаларды орындап, келесі кезеңге құпия сөз арқылы жолдама алып отырды.		Исаева А.С. Оқушылар кеңесінің мүшелері
2	«Салауаты өмір салтын ұстанайық!» Волейболдан топ аралық жарыс өткізілді.		Исаева А.С. Оқушылар кеңесінің мүшелері
3	«Талантты Зияткер!» 7 сынып оқушыларының кеші өтті. 14.11.2022ж.		Исаева А.С. Оқушылар кеңесінің мүшелері
4	«Tartyl fest» турникке тартылу жарысы өтті. 19.11.2022ж.		Исаева А.С. Оқушылар кеңесінің спорт министрі Жамилов Е.
5	«Видеосумерки» жобасы «Өнерсіз елдің өресі тар» тақырыбында қызықты, мазмұнды видео түсірілді. Видео мазмұнына сай топтарға орындар беріліп, сыйлықтармен, дипломдармен марапатталды.		Исаева А.С. Оқушылар кеңесінің мүшелері
6	Жатақхана оқушыларына қызықты тимбилдинг ұйымдастырылды.		Исаева А.С. Оқушылар кеңесінің мүшелері

7	Топтар арасында футболдан жарыс ұйымдастырылды. Сайыс соңында дипломдармен марапатталды.		Исаева А.С., Жұмағұлов Ә.А., Оқушылар кеңесінің мүшелері
8	Оқушылар кеңесінің мүшелері Бақыт Альбина мен Серік Зейнеп 7-8 сынып оқушыларымен «Математикалық регата» интеллектуальды ойынын өткізді.		Исаева А.С. Оқушылар кеңесінің мүшелері Бақыт А, Серік З.
9	Поэзия әлеміндегі ақиық ақын М.Мақатаевтың туған күніне орай «Әр өлеңі бір әлем» әдеби кеш өткізілді. Кеште «Аққулар ұйықтағанда» поэмасы бойынша сахналық көрініс қойылды.		Исаева А.С. Оқушылар кеңесінің мүшелері
10	8 наурыз Халықаралық әйелдер мерекесіне орай «Қыз еркем, өнерімен көркем» байқауы өткізілді. Байқауда ару қыздарымыз өз өнерлерін, білімдерін көрсетіп сынға түсті.		Исаева А.С. Оқушылар кеңесінің мүшелері

8. Тәрбиеленушілердің амандығын толыққанды қамтамасыз етуде психологиялық қызмет көрсету жұмысы

Жатақхана оқушылары мен ата аналарының арасында толыққанды жұмыс жүру үшін психолог мамандармен бірлесе қимылдау үлкен нәтиже береді. Сондықтан оқу жылының басынан бастап тәрбиешілермен, оқушылармен және ата-аналармен кезек кезегімен психологпен кездесуі өткізіліп, тренингтер жүргізіліп отырды. Сондай-ақ жеке баланы бақылауда да психологпен бірлесе іс-қимыл жасау өзінің жақсы нәтижесін беріп отырады.

Жатақхана тәрбиеленушілерінің қауіпсіздігін үнемі басты назарда ұстап отырамыз. Осы орайда оқу жылы басталысымен–ақ қауіпсіздік ережелері таныстырылып, әрбір сыртқа шыққан, демалысқа кеткен уақыттарында жолда жүру, суда сақтану, өрт қауіпсіздігі және т.б. ережелері үнемі тәрбиеленуші мен заңды өкіліне ескертіліп жіберіледі, арнайы журналға тіркеліп отырды.

3.09.2022ж «Зияткер» тобының тәрбиеленушілеріне топ тәрбиешісі мектеп психологі Т.О.Маскарова жаңадан келген 7 сынып оқушыларына арналған танысу тренингі ұйымдастырды. Тренингтің мақсаты: тәрбиеленушілер арасында достық қарым-қатынасты орнату мен нығайту. Тренингте оқушылар өздерін жақын таныстырып, бойындағы жақсы қасиеттерімен бөлісті. «Достық сағаты» сергіту сәтіне тәрбиеленушілер белсенді әрі қызығушылықпен қатысты.



Жатақханада тұратын 7- сынып оқушыларына мектебіміздің педагог-психологтары Арыстанбаева Б.А., Маскарова Т.О. командалық ойын өткізді. Командалық құру міндеттері; балаларды біріктіру, топтық жұмыс дағдыларын қалыптастыру, және де оқушыларға дамыту жаттығулары жүргізілді.



9. Оқу-тәрбие жұмысына ата-аналардың қамтылуы

Жатақхана оқушыларына ата –аналарымен бірге түрлі тәрбие және шеберлік сабақтары өткізілді. Ата-анамен өткізілетін әр шара ата –ана, бала, тәрбиеші арасындағы байланысты нығайта түсті. Балаларды болашақ өмірге дайындау мен тәрбие беру мақсатында ата-аналар мен тәрбиешілер бір-бірімен тығыз байланыста болып, жүйелі жұмыстар жүргізеді. Балаларымыздың жетістікке жетуінде ата-ана мен тәрбиешінің рөлі өте маңызды әрі ықпалы зор. Осы мақсатта жатақханамызда ата-аналармен жүргізілетін жұмыстың бір бағыты - әр түрлі форматта өткізілетін шеберлік сабақтары.

29.09.2022ж. Жатақхана тәрбиеленуші Айтқожа Нұрдананың әжесі Доктор Мурзебаева қолөнер жұмыстары бойынша сабақ өткізді. Доктор Мурзебаева он саусағынан өнері тамған шебер. Бос кездерінде әр түрлі қолөнер жұмыстарымен айналысып, немерелеріне қолөнер түрлерін үйретіп, тәрбиелеп отырған асыл әже. Шеберлік сабағында оқушыларға моншақталған шашақ бау тоқуда әр түрлі моншақтарды пайдалана отырып, жұмыстың жасалу жолдарын үйретті. Бұл моншақталған шашақ бауды әр түрлі бұйымдарға сәндік ретінде пайдаланамыз. Сонымен бірге, тәрбиеленушілерге тоқыма жіптерді пайдаланып шашбау тоқуды да үйретіп таныстырды. Тоқу технологиясы ретінде үш түрлі жіпті араластырып, әр түрлі моншақтармен әшекейлеп тоқып көрсетті.

5.11.2022. Жатақхана тәрбиеленушілеріне ата - анамен "Шебердің қолы - мерген"



тақырыбында шеберлік сағаты өтті. Шеберлік сағаттың барысында "Ұшқын" тобының тәрбиеленушісі Игілік Тілекшінің анасы Дина апай өзінің оқушы кезінен бері қолөнерге жақын екенін, анасының бүкіл ауылдың жастарына арнап камзол, шапан тіккен кезде көмектескенін айта келіп, өзінің оюлап, тігуге дайындаған шымылдығының жасалу барысын түсіндіріп кетті. Ана көрген - тон пішер дегендей анасынан алыста жатақханада тұратын қыз балаларға шай көрпеге мақта салып, көктеп тігу және жасырын тігіс түрлерінен шеберлік сағатын көрсетті. Тәрбиеленушілердің біразы өздеріде инемен көрпе көктеп көрді. Бұл шеберлік сағаты тәрбиеленуші қыздардың көңілінен шықты.



12.11.2022ж. «Зияткер» тобы тәрбиеленушілеріне сенбі демалыс күні ата-аналармен шеберлік сабағы өткізілді. Бүгін Дауыл Рамилияның апасы Жания Тасырова және Конисбаева Назеркенің ата-анасы Мадина Алдамбергенова шеберлік сабағын өткізді. Шеберлік сабағында жеміс-жидектерді әдемілеп турау тәсілдері мен сулықтарды бүктеу тәсілдерін көрсетіп, өз тәжірибелерімен бөлісті. Сонымен қатар, күз мезгілінде адам ағзасына қажетті дәрумендерді жеміс-жидектерден табатынымыз туралы мәліметтер берді.

Ата-аналар дастархан безендіру кезінде жеміс-жидектерді әдемілеп турау туралы қыр-сырларымен бөлісті, сулықтарды дастархан безендіру үшін әр түрлі формада бүктеу тәсілдерін де үйретті. Сабаққа зияткер оқушылар белсенділікпен қатысып, өз шеберліктерін көрсете білді.



Жатақхана тәрбиеленушілерінің бос уақыттарын тиімді пайдалану мақсатында сенбі, жексенбі күндері дәстүрлі қолөнер сабақтары жүргізіледі.

26.11.2022 ж. күні «Зияткер» тобы тәрбиеленушілеріне ата-аналармен бірге жүргізілетін шеберлік сағаты өткізілді. Бұл жолы қыз балаларға тұрмыста қолданылатын қолөнер бұйымдары түрлері бойынша сабақ өтті. Нұртілек Серіктің анасы Бибігүл Нұрлыбаева тұрмыста қолданатын ұлттық бұйымдарды қазіргі заманауи нақышта жасау технологиясын меңгеру мен қолданудың қарапайым тәсілдерімен үйрету жолдарын көрсетті.



11.12.2022ж. 7 «F» - сынып оқушысы Туркменбай Аружанның анасы Гүлсім Есимова қолөнер жұмыстары арқылы өзінің өнерімен бөлісті. Шеберлік сабағында жинақ қобдишасын жасап көрсетті. Жинақ қобдишасын әр түрлі жануарлардың мүсіні негізінде жасап, жаңа жылдық атрибуттарды да қолданғаны оқушылар үшін ерекше қызықты болды. Мүсіндерді гипс пен арнайы қалыптарды пайдаланып, жасалу техникаларын ретімен жүйелі көрсетті. Дайын жұмыстарын оқушылар өздері бояп, белсенділік пен креативтілік танытты. Ата-анамыз Гүлсім Есимова бос уақыттарында әр түрлі қолөнер жұмыстарымен де айналысатынымен бөлісті. Әрбір істі жасағанда ерекше ықыласпен, жүрегіңмен жасалу керек екендігін, сонда ғана жұмыс сапалы да нәтижелі болатынын айтты. Шеберлік сабағында оқушылар қолөнердің тағы да бір жаңа бағытымен танысумен бірге қаржылық сауаттылыққа негіз болатын біраз мәліметтер алды.



13.12.2022ж. "Самұрық" тобының қыздарына оқушы Мәліс Дамирдың анасы Ауелбаева Р.Н. "Бас киімді тігу әдісі" шеберлік сабағын көрсетті.

Қыздар сабаққа деген қызығушылығын танытты, сабақ ұнады, алдағы уақытта аналар мерекесіне орай осындай бас киімді аналарына сыйлық ретінде тігуді ұсынды.



7«F» сынып оқушысы Дүйсен Аружанның анасы Нағима Худайбергенова «Дұрыс тамақтану - денсаулық кепілі» тақырыбында сабақ жүргізді.

Оқушыларға адам ағзасына дұрыс тамақтану туралы мәліметтер берілді.

Пайдалы тамақтар мен зиянды тамақтардың айырмашылықтарымен таныстырып, зиянды тамақтардан қандай аурулардың пайда болатынын айтып өтті. Пайдалы тамақ әзірлеуде Thermomix ақылды ас үй техникасында дайындау жолдарын үйретті. Әр түрлі тамақ түрлерін, сусындар, коктейль, десерттік балмұздақ, пайдалы нан өнімдерін, ыстық тамақтар мен көкөністерден салат дайындады. Балаларға дұрыс тамақтану - денсаулық кепілі екенін айтып, пайдалы мәліметтер берді. Оқушылар тамақ әзірлеуде белсенділікпен көмектесіп, тамақ дайындау технологиясын үйренді.

"Рухани адамгершілік тәрбие" апталығының аясында жатақхана тәрбиеленушілеріне **"Жеке тұлғаны қалыптастырудағы ата - анамен мектептің ықпалы"** тақырыбында ата - анамен шеберлік сағаты өтті. Бұр шараның мақсаты:

Бала



тәрбиесі отбасынан бастау алып, мектепте, жатақханада жалғасатынын ескере отырып - ата - ана, тәрбиеші, куратор, және жатақхана арасындағы қарым - қатынасты жақсарту. Жатақхана тәрбиеленушісі Қалиева Ақлэйлектің әкесі Досым Қалиұлы есік құлпын жөндеуден шеберлік сағатын өтті. Бұл шеберлік сағаты тәрбиеленушілердің көңілінен шығып, өздері де кезектесіп есік құлпын жөндеп көрді. Тәрбиеленушілер сабаққа белсене қатысып, өздеріне керекті тың деректермен танысты.

27.01.2023 ж. Жатақхана тәрбиеленушілеріміздің ата-аналарына арналған “Балаларды қорғау саясаты” тақырыбы бойынша тренинг өткізілді.

◆ Мақсаты: Балаларды қорғау саясатымен танысу. Ата-аналарға нақты жағдай сценарийлері бойынша талқылау жүргізілді және рефлексия арқылы балаларды қорғау рәсімдерін жүзеге асыру туралы хабардарлықты арттыру туралы сөз қозғалды. Неліктен мен балаларды қорғау саясатының ережелерін құрметтеуім керек? тақырыбы талқыланды.

◆ Тренингті өткізген Химия пәнінің мұғалімі: Muhammad Elshikh


◆ Аудармашы: Ерболат Салават Ерболатұлы



10. Тәрбиеленушілердің тәні мен психологиялық саулығының дамуы қадағалау

№	Шара атауы	Өткізілу уақыты мен дәлелдемелер	Жауапты
1	«Гигиена және қыз бала бойындағы тазалық» Мақсаты: Қыз баланың биологиялық жетілуінің қыз бала өміріне әсері туралы мәлімет беру, тазалық жолдарын түсіндіру.	15.09.2022ж. 	Рамазанова Н.У.
2	«Алғашқы көмек». Мақсаты: Оқушыларды жарақат алған кезде көрсетілетін алғашқы көмектің негізгі әдіс-тәсілдерімен таныстырды.	25.01.2023ж. 	Рамазанова Н.У. Куванова Б.

3	<p>«Электронды темекінің зияндығы» («Самұрық» тобы).</p> <p>Мақсаты: Салауатты өмірді дәріштеу, зиянды әдеттерден сақтану.</p>	<p>30.01.2023ж.</p> 	<p>Рамазанова Н.У. Куванова Б.</p>
4	<p>«Қант диабеті».</p> <p>Мақсаты: Адамның қант диабетімен ауруының себептерін, патогонезін, клиникалық көрінісінің диагностикасын және емдеу шараларын түсіндіру.</p>	<p>22.02.23ж.</p> 	<p>Рамазанова Н.У.</p>
5	<p>Ұйқының қанбауы.</p> <p>Мақсаты: Ұйқының адам денсаулығы үшін маңызы туралы ұғымдар беру</p>	<p>11.04.23ж.</p> 	<p>Рамазанова Н.У.</p>
6	<p>Жатақхана тәрбиеленушілеріне медбике Бақытлы Куванова тәрбиеленушілеріне «Сынық кезіндегі алғашқы медициналық көмек» тақырыбында сабақ жүргізді. Оқушыларға жарақат алған кезде көрсетілетін алғашқы көмек көрсету ережелерімен таныстырды. Сабақта оқушыларға ойын кезеңінде шапшаңдық танытқанда абай болу, қауіпсіз ойындардан аулақ болуға кеңестер берілді. Сынық кезінде алғашқы көмек көрсету әрекеттерін тәжірибе жүзінде көрсетті.</p>	<p>27.01.2023ж.</p> 	<p>Куванова Б.</p>
7	<p>7-сынып “Зияткер” тобына “Сколиоз (омыртқаның кисаюы) және плоскостопия (жалпақ табандылық)” тақырыбына сабақ өткізілді.</p>	<p>23.02.2023ж .</p> 	<p>Куванова Б.</p>
8	<p>«Зияткер» тобы оқушыларына «Көз ауруының алдын алу» тақырыбында жатақхана медбикесімен сабақ жүргізілді. Сабақ мақсаты: Көз қызметі, оның бұзылуы, көз</p>	<p>24.04.2023 ж.</p>	<p>Туркпенчаева Р.Д.</p>

<p>гигиенасы туралы окушыларға түсінік беру. Көзді сақтай білуге және көз гигиенасын білуге тәрбиелеу. Сабақ соңында көз бұлшық еттерін нығайтуға арналған жаттығулар жасады.</p>		
---	--	--

11.Жатақхана ұжымы қатысқан шаралар

15.04.2023ж Жатақхана тәрбиешілері мен оқушылары, ата-аналары " Мейірімділік жүректен" қайырымдылық акциясы негізінде балалар үйіне барып қайтты.

Мақсаты балаларды мейірімділікке, қайырымдылыққа тәрбиелеу. Кішкентай бүлдіршіндерге әртүрлі қажеттілігіне қарай сүт, памперс, пюре, тәттілер т.б сыйға тартты.



11.01.23ж күні «Заңғар» тобының тәрбиеленушілері мектебіміздің диетологы Кузбаева Амангул Есетовнамен бірге кешкі ас салаттарының дайындалу әдістерімен іс тәжірибе жүзінде шеберлік сағатын жүргізді. Асханада сақталатын ішкі тәртіп ережелері, техника қауіпсіздігі мен тазалық талаптарын ескере отырып, жатақхана тәрбиеленушілеріне кешкі асқа ас мәзірі бойынша «Оливье» мен «Жеміс-жидекті» салаттарын дәмді етіп дайындап берді. Тәрбиелік мәні:”Аспаздық өнерге баулу арқылы, көкөніс пен жемістерден жасалған тамақ дайындалу тәсілін үйрену, оқушылардың шеберліктерін, ой-өрісі мен ұшқыр қиялы оқушылардың өмірге деген икемділігіне бейімдеу, эстетикалық талғамдарын қалыптастыру.Оқушыларды еңбекке деген сүйіспеншілікті, тазалық пен ұқыптылыққа, жұмысты өз бетімен орындауға тәрбиелеу.”



14.02.2023ж. «Еңбек пен тәрбие егіз» жобасы негізінде балалар бүгін кешкі асқа ет қосылған және жеміс салатты өздері дайындау үстінде.



1

наурыз - Алғыс айту күніне орай жатақханамыздың тәрбиеленушілері тәрбиешілеріміз бен кіші қызметкерлерімізді «Алғыс айту» мерекесіне орай алғыстарын айтты.



09.05.2023ж. Жатақханадағы ұл балдар үшін "Отан қорғаушылар күні мен Жеңіс күні" мерекесіне орай "Квест" ойыны өтті. Ойын барысында 7 - 11 - сыныптың ұл балдары бірнеше топқа бөлініп, берілген тапсырмаларды дұрыс орындап, мәреге келгендерге рет - ретімен орындар беріліп, тәтті сыйлықтар үлестірілді. Тәрбиеленуші қыз балалардың ұйымшылдықпен ұйымдастырған тосын сыйы барлық ұлдардың көңілінен шықты.



Жатақхана тәрбиеленушілерінің демалыс уақытын тиімді өткізу мақсатында әртүрлі мектептен тыс кинотеатрларға, демалыс орындарына апару да басты назарға алынаған. **08.03.2023ж.** "Ұшқын" тобының тәрбиеленушілері көктем мерекесіне орай "Құмырсқа адам" фильмін тамашалап келді.



08.03.2023. "Заңғар" тобының тәрбиеленушілері "Человек муравей" фильмін тамашалап келді.



"Самұрық" тобы демалыс күндері
"Подземелья и драконы: Честь среди воров" фильмін тамашалады.



22.04.2023ж Ақтау қаласындағы NIS-те дәстүрлі «Кітап әлемді бағындырады» акциясы өтті. Жатақхана ұжымы белсене қатысты.




29.04.2023ж. «NIS FEST» шарасында көрмеге қатысу.

«NIS FEST» шарасының мақсаты: қосымша білім беру ұйымдарының жұмысын таныстыру, әрі жыл бойы жасаған жұмыстарын көрсету болғандықтан «Пирография», «Гобелен», «Шебер қолдар», «Өрнек» үйірмесінің жұмыстары көрмеге шығарылды.



12. «Шетел мұғалімдерімен кездесу»

№	Тақырыбы	Өтетін уақыты	Жауапты
1	Физика пәнінің мұғалімі Koogosh Amirmonozah балалардың физика пәні бойынша білімдерін сынады.	08.09.2022ж 	Жұмағұлов Ә.А
2	Мұғалім Sam Mendieta бір-бірімен жақынырақ танысу үшін балалармен кездесіп, олармен ойын ойнауды ұсынды, осылайша оқушылардың ағылшын тілі бойынша білімдерін тексерді.	15.09.2022г 	Жұмағұлов Ә.А
3	22.09.2022 Тәрбиеленушілерімізге Mohamed Elshikh химия пәні мұғалімімен «Шетел мұғалімдерімен кездесу» сабағы өтілді. Жоба мақсаты: Тәрбиеленушілеріміздің ағылшын деңгейін көтеру.	22.09.2022 	Жұмағұлов Ә.А

13. Демалыс күндері жатақхана өмірі

Демалыс күндері балалардың бос уақытында гитара үйірмесі, үстел теннисі, футбол, волейбол сияқты түрлі спорттық және шығармашылық іс-шаралар, сондай-ақ «Таза сәрсенбі» деп аталатын сенбілік өткізіледі.








14. Жатақхана тәрбиешілеріне арналған тренингтер

22.11.2022 ж. Жатақханамыздың тәрбиешілеріне “Балаларды қорғау саясаты” тақырыбы бойынша тренинг өткізілді. Мақсаты: Балаларды қорғау саясатымен таныса отырып, конвенцияға сүйене отырып жұмыс жасау. Тренингті өткізген химия пәнінің мұғалімі: Muhammad Elshikh
Аудармашы: Ерболат Салават Ерболатұлы




15. Жатақхана өмірі туралы тәрбиеленушілерден сауалнама алынған сауалнама нәтижесі



16. Жатақхана оқушыларының үлгерімі

Әр тоқсанның және оқу жылының соңында ата-аналарға оқушылардың білім үлгерімі мен сапасы туралы ақпарат беріледі. Оқу үлгерімі мен білім сапасын арттыру мақсатында тәрбиешілер мен жатақхана меңгерушісі сабаққа қатысып, қосымша сабақтар ұйымдастырып, оқу үдерісін бақылайды.

2022-2023 оқу жылынан бастап «Қолыңнан келсе көмектес» жобасы, қазір «Ментор мен менти» жобасы жүзеге асырылуда. Бұл жоба оқушылар арасындағы өзара көмекті ұйымдастыруға бағытталған.



17. Жатақхана тәрбиешілері үшін өзін-өзі дамыту тренингтері

№	Атауы	Қатысушы саны	Өткізілу уақыты	Өткізілу форматы
1	«Моббинг и буллинг в ученическом коллективе. Стратегии вмешательства и предотвращения травли в школьной среде» (150ч)	3	18.10. 2022ж.	онлайн
2	«Как предотвратить насилие, травлю и кибербуллинг в школе»	11	16.01. 2023ж.	онлайн
3	«Как достичь понимания между родителями и детьми – подростками»	5	18.01. 2023ж.	онлайн
4	«Халықтың декреттелген тобына арналған гигиеналық оқыту»	14	28.02 2023г.	онлайн
5	«Дефибриллятормен алғашқы көмек»	9	12.12.2022	оффлайн
6	«Создание сайтов»	2	12.09.- 23.12.2022ж.	оффлайн
7	«Дарынды балаларды оқыту»	1	12.09.- 23.12.2022ж.	оффлайн
8	«Жас мұғалімдер мектебі»	5	18.01.-17.05. 2023ж.	оффлайн

Қорытынды

Мықты тұстары:

1.Тәрбиешілердің кәсіби дамуында әрекеттердің оң нәтиже беруі (мектепшілілік, облыстық, желілік байқауларға қатысуы, семинарлар өткізуі) Жатақхана тәрбиеленушілерінің желілік конференцияларға қатысуы, халықаралық байқауларға қатысуы.

2.Мүмкіндіктер:

Оқушылардың оқу жетістіктеріне тәрбиешілер тарапынан қолдау көрсету; (үнемі сабақтарға қатысу, кураторлар, психологтармен байланыс)

Тәрбиеленушілердің жан-жақты дамуын, өмір сүрудегі қажеттіліктерін қамтамасыз ету, шығармашылығын дамыту, денсаулығын нығайту, эстетикалық талғамдарын жоғарылату жобалар мен үйірмелердің жүзеге асуы;

3.Әлсіз тұстары:

Ғылыми жобалар мен ғылыми зерттеу жұмыстары бойынша мұғалімдермен бірлесіп жұмыс істелмеуі.

Авторлық жобалардың жүзеге аспауы.

4.Кәсіби дамуды басқару бойынша жоспар:

Халықаралық, республикалық, желілік конференцияларға мақалалар жариялау;
Ағылшын тілі курстарына қатысу;
Әдістемелік жинақ құрастыру;
Іс-әрекеттегі зерттеумен айналысу;
Әлеуметтік жобалар бойынша желілік байқаулар ұйымдастыру;
Ата-аналармен бірлескен жаңа жобалар ұйымдастыру.

9. БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖҰМЫСЫ

ПРЕСС-ДАЙДЖЕСТ

2022-2023 оқу жылында Бұқаралық ақпарат құралдарына әр айда жарияланған материалдар төмендегі сілтемеде:

Қыркүйек: <http://aktaunis.edu.kz.tilda.ws/september2022>

Қазан: <http://aktaunis.edu.kz.tilda.ws/nisaktauoctober>

Қараша: <http://aktaunis.edu.kz.tilda.ws/november>

Желтоқсан: <http://aktaunis.edu.kz.tilda.ws/december2022>

Қаңтар: <http://aktaunis.edu.kz.tilda.ws/january2023>

Ақпан: http://aktaunis.edu.kz.tilda.ws/digest_aqpan_2023

Наурыз: <http://aktaunis.edu.kz.tilda.ws/march2023>

Сәуір: <http://aktaunis.edu.kz.tilda.ws/april2023>

Мамыр: <http://aktaunis.edu.kz.tilda.ws/may2023>

Маусым: <http://aktaunis.edu.kz.tilda.ws/june2023>

Ақтау қаласы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің Баспасөз хатшысы 2022-2023 оқу жылында келесідей міндеттерді атқарды:

1. Зияткерлік мектеп жұмысын көпшілікке жүйелі ақпарат тарата отырып жеткізу;
2. Мектептің бұқаралық ақпарат құралдармен жұмыс;
3. Мектептегі іс-шараларды фото, бейнематериалдармен (IT-мамандарының көмегімен) қамтамасыз ету;
4. Мектеп сайты жүргізіп, жаңалықтарды, хабарландыруларды тұрақты жариялау;
5. Мектеп имиджін қалыптастыруға ықпал ететін бейнематериалдар дайындау;
6. Қоғаммен байланысты қалыптастыру мақсатында жүргізілетін әлеуметтік желідегі парақшаларды тұрақты жүргізіп отыру;
7. Журналистермен тікелей жұмыс істеу;
8. Мектеп өміріндегі маңызды шаралардың архивін жинақтау.

Жұмыс мақсаты: Назарбаев Зияткерлік мектебінің имиджін қалыптастыруға күш салып, мектеп өмірі жайлы қоғамға мүмкіндігінше мол ақпарат тарату, мектептегі іс-шаралардың медиатекасын жасақтауға атсалысу.

Зияткерлік мектептің «Facebook» және «Instagram» әлеуметтік желілерінде 2022-2023 оқу жылында жүргізілген жұмыстар:

Instagram: @nisaktaunis парақшасында 2022-2023 оқу жылында **494** материал жарияланды. Оның 65-і видео материал. Қыркүйек айынан бастап есептегенде парақшаға 1700 адам қосылды. Сондай-ақ сторис қаралымы 600-ден 1500 дейін жетті.

Facebook: (Ақтау қаласы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі) әлеуметтік желі парақшасына 494 материал жарияланды.

Youtube платформасына 50-ге жуық бейне материал жарияланды.

@nisaktau парақшасының соңғы 3 айдағы статистикасы:

90 күнде 33 мыңға жуық адам парақшада белсенділік танытқан.



Ақтау қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің баспасөз хатшысының атқарған жұмыстары

№	Атқарылатын жұмыс	Жауапты мамандар
1	Мектептегі іс-шараларды фотоға түсіру	Г.Нұрмұханова
2	Мектептің жеке сайты (www.akt.nis.edu.kz) тұрақты түрде контентпен толтырып, ақпаратты қазақ, орыс, ағылшын тілінде жариялау;	Г. Нұрмұханова
3	Мектеп сайтына жаңалықтарды тұрақты жариялап отыру	Г. Нұрмұханова
4	Мектептегі қоғамға маңызы бар іс-шаралардан хронометражы 2-5 минутты қамтитын бейнематериалдар, бейнероликтер түсіріліп, дайындалуын қамтамасыз ету, қадағалау	Г. Нұрмұханова Б. Ұзақбай
5	Әлеуметтік желілерге (Фейсбук, Вконтакте, Инстаграм, Телеграм) тұрақты материал салу, жазылушылардың көбеюін ұйымдастыру;	Г. Нұрмұханова
6	Телестудия үйірмесі және баспасөз хатшысы, IT-мамандар, ұстаздар дайындаған видеоматериалдарды Youtube арнасына тұрақты түрде жүктеп отыру;	Г. Нұрмұханова Б. Ұзақбай
7	Аймақтағы журналистерге мектептегі шаралар ретіне орай баспасөз мәлімдемесін жолдау;	Г. Нұрмұханова

8	Мектеп ішіндегі қоғам үшін маңызы бар шараларға журналистерге шақырту жолдау;	Г. Нұрмұханова
9	Тікелей журналистермен жұмыс істеп, имидждік материалдар дайындауға атсалысу;	Г. Нұрмұханова
10	Республикалық, ұлттық мерекелерде оқырмандарға, республикадағы Назарбаев Зияткерлік мектептеріне құттықтау ашықхатын даярлау;	Г. Нұрмұханова
11	Телестудия үйірмесі жүргізілді;	Г. Нұрмұханова Б. Ұзақбай
12	Мектептің имиджін қалыптастыруға ықпал ететін постер, баннерлер дайындау	Г. Нұрмұханова Б. Ұзақбай
13	БАҚ беттерінде жарияланған материалдарды жинақтап, архив жасақтауды жалғастыру;	Г. Нұрмұханова
14	Мектеп ішіндегі іс шараларды жинақтап медиатека мұрағат сақтау;	Г. Нұрмұханова Б. Ұзақбай
15	28-маусым- Журналистер күніне орай аймақ журналистерін марапаттау	Г. Нұрмұханова
16	Мектептің имидждік өнімдерінің жасалуын ұйымдастыру	Г. Нұрмұханова Б. Ұзақбай
17	Әр айдың 01-05-і аралығында Астанадағы баспасөз қызметіне, мектеп ұжымына жарияланған материалдардың медиаессебін жолдау	Г. Нұрмұханова
18	Астанадағы баспасөз қызметінің тапсырмаларын орындау	Г. Нұрмұханова
19	Арнайы түсірілетін, тақырыптық бейнематериалдардың сценарийін жазу	Г. Нұрмұханова
20	Зияткерлік мектептің басқа да ұйымдармен тығыз қарым-қатынасын орнатып, ақпараттық алаңды кеңейту мақсатында 3 жаңа баспасөз қызметімен бірлесіп жұмыс жасау	Г. Нұрмұханова
23	Мектеп миссиясын әлеуметтік желілердегі посттар арқылы насихаттау	Г. Нұрмұханова

2022-2023 оқу жылы Зияткерлік мектептің баспасөз қызметі төмендегі шараларды басты ақпараттық негізге алып, жұмыс жасады:

№	Дерек/шара атауы	Түсініктеме	Орындалу формасы	Жүзеге асырылған уақыты
1	Үздік жас мұғалім-2022	Мектептің үздік жас мұғалімін анықтайтын сайыс.	<ul style="list-style-type: none"> - БАҚ (мақала, пост) - Әлеуметтік желіде әр қатысушы жайлы ақпарат берілді - Қорытынды видеоролик 	қыркүйек-қазан
2	Тоғызқұмалақтан V желілік спартакиадасы	Назарбаев Зияткерлік мектептерінің оқушылары арасында тоғызқұмалақтан V желілік спартакиадасы	<ul style="list-style-type: none"> - Видеоролик - Қатысушылардан сұхбат - Әлеуметтік желіге пост жариялау - БАҚ (мақала) 	Қазан 10-13
3	«Даналық бейсенбісі»	Зияткерлік мектепте жетістікке жеткен, еңбегі еленген тұлғаның еңбегін паш етіп,	<ul style="list-style-type: none"> - Әлеуметтік желілерде пост жариялау - Бейнеролик дайындау 	Жыл бойы

4	«Бұл әлем қандай ғажап»	1-қазан қарттар күніне орай ұйымдастырылған мерекелік шара.	<ul style="list-style-type: none"> - Әлеуметтік желілерде пост жариялау - Мектеп, ДББҰ сайтына ақпарат 	қазан
5	Ғылыми жобалар байқауы	Назарбаев Зияткерлік мектептері оқушылары арасында өткен ғылыми жобалар байқауы	<ul style="list-style-type: none"> - Оқушылардан жеке жобалары туралы бейнематериал 	17-22 қазан
6	Ғылыми жобаларды насихаттау	Оқушылардың жасап шығарған әр түрлі ғылыми жобаларын БАҚ құралдары арқылы көпшілікке таныстыру	<ul style="list-style-type: none"> - БАҚ (мақала, пост, сюжет, бағдарламаларға қатысу) - Әлеуметтік желілерде пост жариялау - Мектеп, ДББҰ сайтына ақпарат 	Жыл бойы
7	«Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» қайырымдылық шарасы	Бейнеу ауданындағы Күйкен жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне тәжірибе бөлісу	<ul style="list-style-type: none"> - Әлеуметтік желілерде пост жариялау - Қатысушылардан сұхбат алу - Бейнематериал дайындау 	Жыл бойы
8	«Жас ұстаз: табысқа апарар жол» облыстық форумы	Педагогикалық шеберлік орталығы филиалының ұйымдастыруымен «Жас ұстаз: табысқа апарар жол» атты облыстық форумы	<ul style="list-style-type: none"> - Әлеуметтік желілерде пост жариялау - Қатысушылардан сұхбат алу - Бейнематериал дайындау - БАҚ беттеріне ақпарат тарату 	4-Қараша
9	Шахматтан желілік спартакиада	Назарбаев Зияткерлік мектептері оқушылары арасында шахматтан желілік спартакиада	<ul style="list-style-type: none"> - Әлеуметтік желілерде пост жариялау - Қатысушылардан сұхбат алу - Бейнематериал дайындау - БАҚ беттеріне ақпарат тарату 	15-17 қараша
10	«Ұлт мұраты жолындағы ұлы ұстаз»	Ахмет Байтұрсынұлы 150 жылдығына орай Зияткерлік мектебімен №12 жалпы білім беретін орта мектебі бірлесе отыра Қабиболла Сыдиықұлы атындағы Маңғыстау облыстық әмбебап кітапханасында өткен әдеби кеш	<ul style="list-style-type: none"> - Әлеуметтік желілерде пост жариялау - Қатысушылардан сұхбат алу - Бейнематериал дайындау - БАҚ беттеріне ақпарат тарату 	17 қараша
11	Конкурстық іріктеу		-	

12	«NIS түлегі»	Зияткерлік мектептің 12 сынып оқушылары туралы портреттік сұхбат	- Сұхбат, пост	Сәуір-мамыр
13	«Ұлы дала мұрагерлері»	Тәуелсіздік күні қарсаңында өтетін дәстүрлі домбырашылар шеруі. Ұлттық аспапты жұртшылыққа насихаттау	- БАҚ (мақала, пост, сюжет, бағдарламаларға қатысу) - Әлеуметтік желілерде пост жариялау - Мектеп, ДББҰ сайтына ақпарат	15 желтоқсан
14	Авторлық құқық	Ұстаздармен оқушылардың авторлық алған жобалары туралы ақпарат жариялау	- Әлеуметтік желілерде пост жариялау	Жыл бойы
15	Самғау түлектер форумы	NIS Alumni бірлестігі ұйымдастырған шараның басты мақсаты түлектер мен оқушылар арасында байланыс орнатып, Назарбаев Зияткерлік мектебі оқушыларының кәсіби дамуына үлес қосу.	- БАҚ (мақала, пост, сюжет, бағдарламаларға қатысу) - Әлеуметтік желілерде пост жариялау - Мектеп, ДББҰ сайтына ақпарат	23 желтоқсан
16	Тоғызқұмалақтан қалалық чемпионат	Тоғызқұмалақтан Ақтау қаласының жастары арасында жекелей чемпионат	- БАҚ (мақала, пост, сюжет, бағдарламаларға қатысу) - Әлеуметтік желілерде пост жариялау	24 қаңтар
17	Әкелер форумы	Әкелер форумы мектеп пен ата-ана арасындағы байланысты арттырып, әкенің отбасындағы тәрбиеде маңызды рөл атқаратындығын көрсету мақсатында өтетін форум	- БАҚ (мақала, пост, сюжет, бағдарламаларға қатысу) - Әлеуметтік желілерде пост жариялау - Мектеп, ДББҰ сайтына ақпарат	10 ақпан
18	Республикалық пәндік олимпиада	Қоғамдық-гуманитарлық ,жаратылыстану-математика бағытындағы пәндер бойынша олимпиада туралы тұрақты түрде пост шығару	- БАҚ (мақала, пост, сюжет, бағдарламаларға қатысу) - Әлеуметтік желілерде пост жариялау - Мектеп, ДББҰ сайтына ақпарат	13 ақпан— 25 наурыз

19	Облыстық Ырғақ би байқауы	Би өнерін насихаттау арқылы оқушылардың өнерге қызығушылығын арттыру мақсатында өткізілген облыстық байқау	<ul style="list-style-type: none"> - Әлеуметтік желілерде пост жариялау - Қатысушылардан сұхбат алу - Бейнематериал дайындау 	24 ақпан
20	Наурыз мейрамы	Наурыз мейрамы қала деңгейінде тойланды	<ul style="list-style-type: none"> - Әлеуметтік желілерде пост жариялау - Бейнематериал дайындау 	22 наурыз
21	Кәсіптік бағдар беру жөніндегі консультантпен жұмыс	Сәуле Алдабергеновамен шетелдегі жоғарғы оқу орындарына түсу бойынша видео дайындау	<ul style="list-style-type: none"> - Бейнематериал дайындау 	Наурыз-мамыр
22	Кіші туған елге тағзым	Оқушылар үшін арнайы пән мұғалімдерімен ұйымдастырылатын экспедиция	<ul style="list-style-type: none"> - Әлеуметтік желілерде, мектеп сайтына пост жариялау 	Сәуір
23	Ата-аналар мектепте	«Ата-аналар мектепте» айлығы жобасында ата-аналар мектепке келіп түрлі бағыт бойынша оқушыларға шеберлік сағаттарын өткізеді	<ul style="list-style-type: none"> - Әлеуметтік желілерде, мектеп сайтына пост жариялау 	Сәуір
24	Ауыл мектебінен NIS-ке	«Өркен» білім беру гранты иегері атанған ауыл мектебінің оқушылары жайлы бейнесюжет	<ul style="list-style-type: none"> - Бейнесюжет дайындау - Мектеп, ДББҰ сайтына ақпарат 	18-23 сәуір
25	NIS Оқушылары Бакуде	Ақтаудағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің өкілдері Әзірбайжан Республикасында өткен ОСЕР бағдарламасына қазақ мәдениетін таныстырушы делегация ретінде қатысты	<ul style="list-style-type: none"> - БАҚ (мақала, пост, сюжет) - Әлеуметтік желілерде пост жариялау 	18-20 мамыр
26	WRO-2023	«WRO-2023» дүниежүзілік робототехника олимпиадасының аймақтық кезеңі	<ul style="list-style-type: none"> - Әлеуметтік желілерде пост жариялау - Бейнематериал дайындау 	25 мамыр
27	NIS CHALLENGE	Alumni NIS бастамасымен өтетін түлектер мен оқушыларға арналған интеллектуалды ойын	<ul style="list-style-type: none"> - БАҚ (мақала, пост, сюжет, бағдарламаларға қатысу) - Әлеуметтік желілерде пост жариялау 	30 мамыр

28	Экологиялық жобалар	Мектеп ұстаздарының жетекшілігімен экологиялық шараларды кеңінен насихаттау	<ul style="list-style-type: none"> - БАҚ (мақала, пост, сюжет, бағдарламаларға қатысу) - Әлеуметтік желілерде пост жариялау - Мектеп, ДББҰ сайтына ақпарат 	Жыл бойы
29	«Caspian Startup-2023» байқауы	Зияткерлік мектептің дәстүрлі стартап жобасы	<ul style="list-style-type: none"> - БАҚ (мақала, пост, сюжет, бағдарламаларға қатысу) - Әлеуметтік желілерде пост жарияланды - Мектеп, ДББҰ сайтына ақпарат берілді 	Ақпан-маусым аралығы
30	«Туған елге тағзым-2023»	Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының бастамасымен туған өлкені танып білуге, оқушылардың бойында туған елдің ерекшелігі мен оның қыр-сырын білуге, оқушы бойында патриоттық сезімді арттыруға бағытталған жоба	<ul style="list-style-type: none"> - Әлеуметтік желілерде пост жариялау - Әр күнге видеоролик дайындалды 	12-16 Маусым

2022-2023 оқу жылында осы БАҚ құралдарымен тұрақты түрде жұмыс жасалды:

Республикалық: «Хабар24» телеарнасы, «Qazaqstan» Ұлттық телеарнасы

Ақпараттық портал: aduna.kz, bugin.kz, tyrkistan.kz, inform.kz

Облыстық: «Маңғыстау» телеарнасы, «Ақтау» теле-радио арнасы, «Маңғыстау» газеті

Ақпараттық портал: mangystaumedial.kz, lada.kz, inaktau.kz, caspiantoday.kz, mangystauzhastary.kz, Маңғыстау облыстық коммуникация орталығы

10. МЕЖДУНАРОДНАЯ АККРЕДИТАЦИЯ

В целях подготовки ко второму циклу международной аккредитации приказом директора школы №278/ОД от 12 сентября 2022 года был утвержден состав рабочих групп по разделам (domain).

Лидерами разделов являются:

1. Цель и направление (Раздел А) – Жумакулов О.К., методист
2. Управление (Раздел В) – Жумабаев Р.Н., директор школы
3. Учебная программа (Раздел С) – Имамбаева Ы.А., заместитель директора, Курманова Г.Т., учитель истории

4. Преподавание и оценивание (Раздел D) – Байтокаева Л.С., заместитель директора, Мауытова Ж.Қ., учитель казахского языка и литературы
5. Благополучие (Раздел E) – Мурзабеков А.Б., заместитель директора
6. Кадры (Раздел F) – Сагызбаева Ж.Б., инспектор по кадровым вопросам
7. Территория и МТБ (Раздел G) – Куандыков Н.А., заместитель директора, Сапаргалиев К.К., старший инженер
8. Партнерство (Раздел H) – Алдабергенова Сауле Бекгалыевна, консультант по профессиональной ориентации
9. Резидентство/Интернат/Проживание в семье (раздел I) – Сарсенова Сайра Еркебаевна, заведующая общежитием

Подготовка ко второму циклу международной аккредитации проводится постоянно. Два раза в месяц в школе проходит производственное совещание, во время которого руководители совместно с членами разделов поочередно знакомят коллектив школы с содержанием индикаторов.

В 2022-2023 учебном году коллектив школы ознакомился с содержанием разделов А-Н. Также были пересмотрены определения «глобального гражданства», «качественного обучения», «качественного преподавания». Было сформулировано определение термина «цифровое гражданство». Весь педагогический коллектив принимал участие в пересмотре и формулировке данных определений. Все термины представлены на трех языках.

Ознакомление с содержаниями разделов происходило в различных форматах: презентации о работе школы в данном направлении, работа/обсуждение вопросов в малых группах, видеопрезентация.

На данный момент под руководством лидеров идет сбор доказательной базы по индикаторам по всем разделам. Предварительный визит экспертов CIS запланирован на 15-18 апреля 2024 года.

Основные определения:

Жаһандық азамат барлық адамдарды тең бағалау, құрметтеу және оларға қамқорлық жасау қағидаттарына сәйкес өмір сүруге тырысады. Біз әлем азаматтарының көпмәдениетті, сондай-ақ көптілді әлемдік қауымдастығында жаңа және инновациялық технологияларды пайдалана отырып, барлық жерде тұрақты дамуға қол жеткізуге ұмтыламыз.

A global citizen strives to live in accordance with the principles of valuing, respecting, and caring for all people equally. We strive to achieve sustainable development everywhere using new and innovative technologies in the multicultural, as well as the multi-lingual community of global citizens.

Гражданин мира стремится жить в соответствии с принципами равенства уважения и заботы ко всем людям. Мы стремимся к достижению устойчивого развития повсюду, используя новые и новаторские технологии в мультикультурном, а также многоязычном мировом сообществе граждан мира.

Сандық азаматтық – әртүрлі қауымдастықтарда жергілікті, ұлттық, жаһандық, кәсіби, барлық деңгейлерде – саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени және мәдениетаралық деңгейде жұмыс, қарым-қатынас, зерттеу, ойын, оқу үшін сандық ортада сауатты, жауапкершілікпен, қауіпсіз шарлау қабілеті, ол қоғам игілігі үшін сандық кеңістікте кез келген азаматтық мүддесін жүзеге асыру.

Цифровое гражданство — это способность компетентно, ответственно, безопасно ориентироваться в цифровой среде для работы, общения, исследований, игр,

обучения в различных сообществах - местных, национальных, глобальных, профессиональных, на всех уровнях - политическом, экономическом, социальном, культурном и межкультурном, то есть реализация интересов любого гражданина в цифровом пространстве во благо общества.

Digital citizenship is the ability to competently, responsibly, safely navigate the digital environment for work, communication, research, and entertainment. It also promotes learning in local, national, global, professional communities, and at every domain including political, economic, social, cultural, and intercultural. That is, the realization of the interests of any citizen in the digital space for the benefit of society.

Сапалы оқыту – бұл кәсіби мұғалім беретін шығармашылық және динамикалық оқыту. Бұл оқушылардың қажеттіліктерін, қабілеттерін және ерекшеліктерін ескереді, өмір бойы білім алуға қажетті дағдыларды бойына сіңіреді және икемділікке үйретеді. Сапалы білім алу оқушыны өзара әрекеттесу ортасына машықтайды және барлық оқыту іс-шаралары бірізділікті сақтайды: жоспарлау, дайындау, іске асыру және рефлексия.

Качественное преподавание — это творческое и динамичное обучение, предоставляемое профессиональным педагогом. Оно учитывает потребности учеников, их способности и уникальность и прививает им навыки и умения, требуемые для обучения на протяжении всей жизни. Качественное обучение ставит ученика в центр этого взаимодействия, и все учебные мероприятия последовательны: планирование, подготовка, реализация и рефлексия.

Quality teaching is creative and active teaching provided by a qualified educator. It takes into consideration learners' needs, abilities, and peculiarities. Quality teaching places the learner at the center of the learning process, and all teaching is aimed at developing students' research, critical thinking skills and independent learning.

Сапалы оқытуды бағалау:

Мұғалімнің рефлексиясы, тәлімгерлік, сабақтарға қатысу, университеттерге түсу, олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурсының жеңімпаздар саны, СЖБ нәтижелері.

Оценивание качественного преподавания:

Рефлексия учителя, менторство, посещение уроков, поступление в университеты, количество призёров олимпиад и конкурсов научных проектов, результаты ВСО.

Evaluation of quality teaching through:

Teacher's reflection, mentoring, lesson observations, graduates' further educational success, the number of the winners of Olympiads and scientific projects competitions, the results of external summative assessment.

Сапалы білім алу оқушылар оқып жатқан нәрселерді білетін және түсінетін, оқуға деген қызығушылығын көрсетіп, білім алушылар белсенді және мақсатты түрде оқу ісіне қатысқан кезде пайда болады. Оқушылар академиялық адалдықтың, зерттеу дағдыларының және өмір бойы білім алудың маңыздылығын түсіну керек.

Качественное обучение происходит, когда ученики активно и целенаправленно вовлечены в учебную деятельность, когда ученики знают и понимают, чему они учатся, прогресс своего обучения и показывают желание учиться. Ученики должны осознавать важность академической честности, исследовательских навыков и обучения на протяжении всей жизни.

Quality learning happens when students are actively and purposefully engaged in the learning process, when students are fully aware of what they are learning, of their learning

progress and show willingness to learn. Also, learners are aware of the importance of academic honesty, research skills and lifelong learning.

Сапалы білім алуды бағалау:

Сабақтарды бақылау, университеттерге түсу, олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурсының жеңімпаздар саны, СЖБ нәжіжелері, оқушылардың дербестігі, білім мен дағдыларды өмірде қолдану.

Оценивание качественного обучения:

Наблюдение уроков, поступление в университеты, количество призёров олимпиад и конкурсов научных проектов, результаты ВСО, самостоятельность учеников, применение знаний и навыков в жизни.

Evaluation of quality learning:

Lesson observation, graduates' further educational success, the number of the winners of Olympiads and scientific research competitions, the results of external summative assessment, independent learning, application of the knowledge and skills in real life.

11. ПОПЕЧИТЕЛЬСКИЙ СОВЕТ

Филиалом «Назарбаев Интеллектуальная школа химико-биологического направления» города Актау за 2022–2023 учебный год были проведены два заседания Попечительского совета.

В декабре 2022 года была проведена заключительная сессия заседания Попечительского совета, оформленное протоколом №2/22 от 15 декабря 2022 года за 2022 финансовый год.

На заседании были рассмотрены вопросы включения в состав Попечительского совета нового кандидата. Были рассмотрены вопросы оказания спонсорской помощи филиалу в проведении международного конкурса «Caspian Start Up-2023». Также были подведены итоги 2021–2022 учебного года. Все материалы заседаний были направлены ответственному работнику АОО «НИШ» saparova_d@nis.edu.kz на электронную почту и сопроводительным письмом по СЭД.

17 марта 2023 года была проведена первая сессия заседания Попечительского совета 2023 финансового года.

На заседании Попечительского совета были рассмотрены вопросы оказания реальной спонсорской помощи в проведении международного конкурса «Caspian Start Up-2023». Со стороны члена Попечительского совета Сафарова З.Д. была оказана спонсорская помощь.

12. NIS ENGINEERING